

Қазақстан Республикасы табиғи жем-шөп алқаптарының ірі масштабты (1:1 000 – 1:100 000) геоботаникалық іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістемені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2022 жылғы 3 қазандағы № 314 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қазанда № 30043 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 4-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы табиғи жем-шөп алқаптарының ірі масштабты (1:1 000 – 1:100 000) геоботаникалық іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

Е. Карашукеев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 314 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы табиғи жем-шөп алқаптарының ірі масштабты (1:1 000 – 1:100 000) геоботаникалық іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы табиғи жем-шөп алқаптарының ірі масштабты (1:1 000-1:100 000) геоботаникалық іздестірулерін жүргізу жөніндегі әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-бабы 1-тармағының 4-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптарының ірі масштабты (1:1 000-1:100 000) геоботаникалық іздестірулерін жүргізу кезінде қолданылады.

2. Осы Әдістемеді мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) өсімдіктер қоғамдастығы – белгілі бір флористикалық құраммен, құрылыммен, өсімдіктердің бір-бірімен және қоршаған орта факторларымен байланысымен сипатталатын өсімдік түрлерінің азды-көпті тұрақты табиғи тобы;

2) геоботаникалық сипаттама – өсімдік қоғамдастығы түрлерінің сандық қатысуы, дақылдық-техникалық жай-күйі, сондай-ақ контурының сипаттамасы (үлгілерінің атауы, алқап түрі, пайдалану сипаты) көрсетілген олардың толық тізімі;

3) геоботаникалық контурлар – экологиялық жағдайлары (бедері, топырағы, ылғалдылығы), өсімдіктердің құрамы мен құрылымы, дақылдық-техникалық жай-күйі және шаруашылықта пайдаланылуы ұқсас аумақтың учаскелері;

4) табиғи азықтық алқаптың типі (бұдан әрі – тип) – біртекті де, сондай-ақ біртекті емес, кешенді болуы да мүмкін ұқсас немесе жақын (құрамы, азықтық сапасы, топырақ бетінің сипаты бойынша) жайылымдардың бірлестігі;

5) табиғи азықтық алқап типінің айырмасы (бұдан әрі – тип айырмасы) – өсімдік жамылғысының элементарлық бірлігі;

6) шаруашылық түрлендіру (бұдан әрі – түрлендіру) – жайылу әсерінен өзгертілген және нашар желінетін, желінбейтін және улы өсімдіктер басқан, біржылдық немесе эфемерлік типтегі өсімдіктері бар қайталама өсімдік жабыны;

7) кешенді өсімдік жамылғысы – шағын алаңда бір-бірін заңды түрде ауыстыратын екі немесе бірнеше өсімдік қоғамдастығынан құралған өсімдік жамылғысы;

8) макробедер – жер бетінің үлкен учаскесінің жалпы бейнесін айқындайтын бедердің ірі нысандары (тау жоталары, үстірттер, жазықтар, ойпаттар);

9) мезобедер – өзінің шамасы бойынша микробедер мен макробедер арасындағы аралық орынды алатын бедер;

10) микробедер – биіктіктердің бірнеше метрге әдеттегі шашырауы бар бедердің жергілікті нысандары. Микробедер бедердің үлкенірек нысандарының бөлшегі болып табылады;

11) метеорологиялық деректер – мемлекеттік бақылау және автоматты өлшеу желісі станцияларындағы метеорологиялық бақылаулар нәтижелері;

12) очерк – геоботаникалық картаға, табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің картограммасына, табиғи азықтық алқаптардың

жақсарту, пайдалану және қорғау жөніндегі ұсынымдар картограммасына түсіндірме мәтін;

13) индикатор-өсімдіктер – қоршаған ортаның белгілі бір жағдайларына айқын білінетін бейімделу тән өсімдіктер;

14) негізгі учаске – бұл өсімдіктер мен топырақтың құрамы мен сипатын, олардың белгілі бір ландшафттың табиғи жағдайымен байланысын қажетті сенімділікпен көрсету тән жер учаскесі.

3. Жерге меншік нысанына, жер учаскелерінің нысаналы мақсатына және оларды пайдаланудың рұқсат етілген сипатына қарамастан, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ауыл шаруашылығы алқаптары табиғи азықтық алқаптар бойынша геоботаникалық іздестірілуі тиіс.

Табиғи азықтық алқаптарды геоботаникалық іздестіру Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 41-бабының 3-тармағына сәйкес республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісі мен мемлекеттік тапсырманы орындаушы арасында азаматтық-құқықтық мәміле жасасу жолымен жер ресурстары туралы ақпараттың қолжетімділігін арттыру жөніндегі мемлекеттік тапсырманы орындау шеңберінде жүзеге асырылады.

Жайылым айналымдарының схемасын және жайылымдарды басқару және пайдалану жөніндегі жоспарды әзірлеу кезінде "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы мен ауданның (қалалардағы аудандардан басқа), облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы арасында жасалатын шарт негізінде жайылымдарға геоботаникалық іздестіру (зерттеп-қарау) жүргізіледі.

4. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулерін жүргізу кезінде мыналар анықталады:

1) өсімдік жамылғысының құрылымы, типологиялық құрамы, ауыл шаруашылығы алқаптары түрлерінің аумақтық орналасуы, алаңы, түсімділігі, азықтың сапасы, табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйі, табиғи азықтық алқаптарды қазіргі заманғы пайдалану, оларды ұтымды пайдалану және жақсарту мүмкіндіктері;

2) табиғи азықтық алқаптардың түсімділігі, өсімдіктердің химизмі мен қоректену динамикасының заңдылығы;

3) дәрілік, техникалық, сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктері бар, қорғалуға жататын аса құнды аумақтар.

5. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулері 1:1 000 – 1:100 000 масштабында жүргізіледі. Геоботаникалық іздестірулер масштабтарын таңдау геоботаникалық іздестірулердің мақсаттарына, күрделілік санатына, аумақтың игерілуіне, алаңына және аймаққа тиесілілігіне байланысты жүргізіледі.

6. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулері әрбір 15 (он бес) жыл сайын, ауыл шаруашылығы қарқынды дамыған аудандарда – орта есеппен 10 (он) жылда бір рет жүргізіледі.

7. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулерінің мәліметтері мынадай кездерде қолданылады:

1) табиғи азықтық алқаптардың өсімдік жамылғысындағы өзгерістердің мониторингі;

2) мемлекеттік жер кадастры жүйесінде жер-бағалау жұмыстарын және табиғи азықтық алқаптардың сапалық сипаттамасын жүргізу;

3) табиғи азықтық алқаптарды жақсарту, тиімді пайдалану және қорғау жөнінде ұсынымдар жасау;

4) "Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесі паспортының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 344 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11155 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің паспортын толтыру;

5) Қазақстан Республикасы жерлерінің жай-күйі мен пайдаланылуы туралы жиынтық талдамалық есеп жасау;

6) геоботаникалық карталарды жасау;

7) дәрілік, техникалық өсімдіктердің қаптап өскенін анықтау;

8) табиғат қорғау іс-шараларын ұйымдастыру.

2-тарау. Табиғи азықтық алқаптардың ірі масштабты геоботаникалық іздестірулері бойынша жұмыстарды ұйымдастыру

8. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулерін жүргізу үшін геоботаниктен (бригада басшысы), техник-геоботаниктен және бір жұмысшыдан тұратын арнайы бригадалар құрылады.

9. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулері толық вегетациялық кезең ішінде қолданыстағы немесе жобаланатын жер учаскелерінің шекараларында жүргізіледі.

10. Картографияланатын аумақтың күрделілігіне байланысты табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулерін жоспарлау күрделіліктің мынадай бес санаты бойынша жүзеге асырылады:

1) күрделіліктің бірінші санаты: жазық, ашық, әлсіз бөлшектелген бедері және ірі біртекті контурлары бар алаңның 10 пайызына (бұдан әрі – %) дейін, көбінесе өсімдіктердің аймақтық типтері немесе олардың кешендері алып жатқан (құмсыз, сорсыз, сортаңсыз, жайылмасыз) құрғақ далалы, жартылай шөлді және шөлді аймақтардың аудандары.

Күрделіліктің бірінші санатындағы аумақта автокөлік үшін жоғары өтімділік бар. Геоботаникалық және дақылдық-техникалық контурлардың саны арнайы түсіру масштабындағы геоботаникалық картаның 1 шаршы дециметріне (бұдан әрі – дм²) 5-тен аспайды;

2) күрделіліктің екінші санаты: айқын оқшауланған элементтерге бөлінген жазық және ойлы-қырлы бедері бар, аймақтық өсімдіктердің ірі және орташа контурлары бар, соры, сортаңы, тақыры, құмы, жайылмалары мен ойпаттары бар ашық жер. Өсімдік жамылғысының кешенділігі алаңның 11%-нан 20%-на дейін құрайды.

Күрделіліктің екінші санатындағы аумақта автокөлік өте алады. Геоботаникалық және дақылдық-техникалық контурлардың саны арнайы түсіру масштабындағы геоботаникалық картаның 1 дм²-на 6-дан 10-ға дейін құрайды;

3) күрделіліктің үшінші санаты: бөлшектелген ойлы-қырлы бедері бар ашық және жартылай жабық жер – белдеулермен, жыралар және сайлармен қиылысқан тегістелген ұсақ шоқылы және төмен таулы аумақтар, тегістелген бекіген құмды алаптар, ірі өзендердің тақыр тәрізді аңғарлары, біртекті және кешенді өсімдіктері бар тасты-қиыршық тасты үстірт, сондай-ақ алаңның 30%-на дейінгі ірі алқаптары бар тәлімі жерлер немесе суармалы егіншілікке игерілген тау бөктеріндегі жазықтар.

Алаңы 21-ден 30%-ға дейін жартылай сорланған, батпақты немесе бұта-шілік өсімдіктері бар бірінші және екінші күрделілік санатындағы аумақтар.

Күрделілігі үшінші санаттағы аумақ ат-арба көлігі үшін өте жақсы жүріп өту қабілетіне ие, ал автокөлік үшін – орташа жүріп өту қабілетіне ие. Геоботаникалық және дақылдық-техникалық контурлардың саны арнайы түсірілетін геоботаникалық картаның 1 шаршы дм-не 11-ден 15-ке дейін құрайды;

4) күрделіліктің төртінші санаты: жартылай жабық, тым ойлы-қырлы, айқын бедерлі және ұсақ контурлы жер – күрт бөлшектелген ормансыз тау жүйелері, тау бөктері мен жартасты ұсақ шоқылар, күрделі емес өсімдік жамылғысы бар төбелі-жоталы бекіген құмдар, өзендердің жайылмалары мен атыраулары, шалғындар 20-40%-ға бұталы және орманды.

31-ден 50%-ға дейін өсімдік жамылғысының кешенділігі, эрозиялануы және тозуы күшті дамыған күрделіліктің бірінші, екінші және үшінші санаттарындағы аумақтар.

Кешенді өсімдік жамылғысы бар және аумақ алаңының 20-30%-на дейін тәлімі жерлер немесе суармалы егіншілік үшін ұсақ учаскелермен іріктеп игерілген тау етегі жазықтары, өзен аңғарлары мен атыраулары.

Күрделіліктің төртінші санатындағы аумақ автокөлік үшін қиын, ал ат-арба көлігі үшін орташа өтімділік бар. Арнайы түсірілімнің геоботаникалық картасының 1 дм² геоботаникалық және дақылдық-техникалық контурларының саны 16-дан 20-ға дейін;

5) күрделіліктің бесінші санаты: қатты бөлінген бедері бар жабық жер – бұталы шалғындар мен жайылымдары бар орманды биік таулар мен орта таулар, жартылай бекіген төбешікті-жоталы құмдар, қамыс басып кеткен өзендердің жайылмалары мен

атыраулары, күрделі әртекті өсімдік жамылғысы бар аралдық, бұталы-шілікті және батпақты жайылмалар.

Өсімдік жамылғысының 50%-дан астамы ұсақ контурлылығы мен кешенділігі күшті дамыған бірінші, екінші, үшінші және төртінші күрделілік санатының аумақтары.

Алқаптың 30%-дан астамы тәлімі жерлер немесе суармалы егіншілік үшін шағын алқаптармен немесе ұсақ учаскелермен іріктеп игерілген және жердің қайталама сортаңдануына және өсімдіктердің түрлі-түсті кешенінің дамуына алып келетін күрделі экологиялық жағдайлары бар тау бөктеріндегі бөлшектелген жазықтар, өзен аңғарлары мен атыраулары.

Бесінші күрделілік санатындағы барлық аумақтар көлік құралдары үшін өте алмайтын немесе өтуі қиын және арбалы және жүк артатын ат көліктері үшін өтуі қиын аумақтар. Геоботаникалық және дақылдық-техникалық контурлардың саны арнайы түсірілетін геоботаникалық картаның 1 шаршы дм-не 20-дан асады.

11. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулерінің үш кезеңі бар:

- 1) дайындық кезеңі;
- 2) далалық кезең;
- 3) камералдық кезең.

3-тарау. Дайындық кезеңі

12. Дайындық кезеңінде зерттелетін аумақ бойынша мәліметтер алу мақсатында мынадай мәліметтер (деректер) іріктеледі:

1) жерлерді мемлекеттік есепке алу және жер учаскелерінің шекаралары белгіленген жоспарлы-картографиялық негіздегі деректер;

2) өсімдіктер, климат, бедер, топырақ, төсеме жыныстар, ыза сулар, гидрология, аумақты пайдалану сипаты жөніндегі әдебиеттер мен анықтамалықтар;

3) өткен жылдардағы геоботаникалық іздестірулердің картографиялық материалдары (топырақтық, геоботаникалық карталар, олардың түсініксөздері және очерктер);

4) фотожоспарлар, топографиялық карталар, жер-кадастрлық жоспарлар;

5) суландырылған жайылымдарды түгендеу туралы мәліметтер;

6) өсімдіктердің құрамын, құрылымын, азықтық өсімдіктер түсімділігінің серпінін стационарлық зерттеу деректері;

7) табиғат ескерткіштерінің, сирек кездесетін, жойылып бара жатқан, дәрілік, техникалық өсімдіктердің бар-жоғы туралы мәліметтер.

13. Дайындық кезеңінде геоботаникалық іздестірулер масштабына қарай осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес зерттелетін аумақ үшін геоботаникалық сипаттамалардың қажетті саны анықталады.

14. Дайындық кезеңінде:

1) осы Әдістемеге 2-қосымшада көрсетілген Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптарының жіктелуіне және азықтық алқаптардың түсімділігі мен түсімділік серпіні жөніндегі мәліметтерге сәйкес табиғи азықтық алқаптар типтерінің алдын ала тізімі жасалады;

2) осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес тізім бойынша геоботаникалық далалық іздестірулерді жүргізу үшін қажетті қолда бар материалдық-техникалық базадан жабдықтар, аспаптар мен құралдар дайындалады;

3) осы жерде неғұрлым кең таралған азықтық, желінбейтін, зиянды және улы өсімдіктердің, арамшөптердің алдын ала тізімі жасалады, сондай-ақ анықтамалық гербарий мен қажетті өсімдік анықтауыштар іріктеледі;

4) жоспарлы негіз зерделенеді. Тиісті масштабтағы топографиялық және топырақ карталарының негізінде ландшафтық бөлімшелердің (таулардың, тау бөктеріндегі жазықтардың, ұсақ шоқылардың, жазықтардың) шекаралары айқындалады;

5) аумақты алдын ала барлап өту бағдарларының бағыттары таңдалады.

15. Дайындық жұмыстарының нәтижелері бойынша мынадай материалдар жасалады:

1) геоботаникалық іздестірулерді жүргізу жоспары;

2) зерделенген әдебиеттер тізімі;

3) табиғи азықтық алқаптар типтерінің алдын ала тізімі;

4) геоботаникалық және топырақ карталарының көшірмелері немесе сканерленген нұсқасы.

4-тарау. Далалық кезең

16. Далалық кезеңде мыналар жүзеге асырылады:

1) аумақты алдын ала барлап өту;

2) табиғи азықтық алқаптарды геоботаникалық картографиялау;

3) табиғи азықтық алқаптардағы өсімдіктердің геоботаникалық сипаттамасы;

4) түсімділікті анықтау;

5) табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің сипаттамасы және табиғи азықтық алқаптарды жақсарту, пайдалану және қорғау жөніндегі ұсынымдарды айқындау;

6) гербарий жинау;

7) далалық құжаттаманы ресімдеу;

8) жиналған материалдарды алғашқы өңдеу.

1-параграф. Аумақты алдын ала барлап өту

17. Далалық геоботаникалық іздестірулердің басында зерттеп-қаралатын аумақты алдын ала талдау және нақтылау және өсімдік жамылғысының таралу заңдылығын анықтау мақсатында аумақты алдын ала барлап өту жүргізіледі.

18. Аумақты алдын ала барлап өту кезінде табиғи азықтық алқаптардың негізгі түрлерінің қиылысуын ескере отырып, бағдар салынады. Аумақты барлап өту ұзақтығы зерттеп-қаралатын аумақ алаңының көлеміне, күрделілік санатына, өсімдік және топырақ жамылғысының кешенділігіне байланысты айқындалады.

19. Аумақты алдын ала барлап өту кезінде геоботаник өсімдіктер, топырақ, бедер туралы жинаған мәліметтерді нақтылайды. Мәліметтерді жинау үшін мыналар орындалуы қажет:

1) табиғи азықтық алқаптардың түсімділігін айқындай отырып, олардың негізгі типтерін сипаттау;

2) өсімдік жамылғысының біркелкі еместігінің негізгі заңдылықтарын және біркелкі еместіктің пайда болу себептерін анықтау;

3) табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйіндегі өзгерістердің бағыттылығын анықтау;

4) өсімдік жамылғысының жай-күйіне теріс әсер ететін негізгі жағымсыз факторларды анықтау.

20. Аумақты алдын ала барлап өту кезінде барлық жиналған мәліметтер далалық күнделікке жазылады. Барлап өту сипаттамаларының нүктелері фотожоспарларға түсіріледі және геоботаникалық картографиялау кезінде және аумақты қайта айналып өту кезінде қайта сипатталады. Аумақты қайта айналып өтудің мақсаты өсімдік жамылғысының құрамы мен құрылымының серпінін, табиғи азықтық алқаптардың түсімділігін, табиғи азықтық алқаптардың шаруашылық пайдалану дәрежесін және дақылдық-техникалық жай-күйін зерделеу болып табылады.

21. Геоботаникалық далалық іздестірулерді жүргізу кезінде аумақты барлап өту, сондай-ақ мониторинг режимінде өсімдік жамылғысының жай-күйін бақылау үшін негізгі учаскелерді орналастыру үшін орындалады.

2-параграф. Табиғи азықтық алқаптарды геоботаникалық картографиялау

22. Геоботаникалық іздестірулер кезінде геоботаникалық контурлар бөлінеді және жоспарлы-картографиялық негізге түсіріледі. Геоботаникалық контурлармен қатар ауыл шаруашылығы алқаптарының (егістіктер, тыңайған жерлер, шабындықтар, жайылымдар мен көпжылдық екпелер), өзге де алқаптардың (ормандар, бұталар шоғырлары, батпақтар, сортаңдар және су беті) және жерлердің (өсімдіктері жоқ байырғы жыныстардың, саздардың, сортаңдардың шығу жерлері) контурлары бөлінеді және жоспарлы-картографиялық негізге түсіріледі.

23. 1:10000 – 1:100000 масштабтарындағы геоботаникалық картографиялау ауыл шаруашылығы және басқа да алқаптардың контурлары бар шифрлары ашылған

фотожоспарларда жүргізіледі. Далалық геоботаникалық іздестірулерді орындау үшін 5-10 жыл бұрынғы аэрофототүсірілім материалдары пайдаланылады.

24. Геоботаникалық іздестірулер кезінде картографиялау бірлігі ретінде тип (тип айырмасы) немесе түрлендіру алынады.

25. Геоботаникалық картографиялау кезінде табиғи азықтық алқаптардың өсімдіктеріне тән компоненттер анықталады. Әрбір геоботаникалық контур табиғи азықтық алқаптың басым типі (тип айырмасы) бойынша сипатталады.

Күрделі бедер жағдайында бір геоботаникалық контурға бірнеше типтерді (типтердің айырмаларын) біріктіруге болады. Мұндай геоботаникалық контурлардың шекаралары біріктірілген қиылысулардың шекаралары болып табылады (қырлар мен жоталардың, беткейлер мен әртүрлі экспозициялардың, суайрықтар мен беткейлердегі учаскелердің, оймауыттар мен дөңдердің немесе төбелердің үйлесімі).

Кешенді өсімдік жамылғысы кезінде контурлардың шекаралары топырақтың механикалық құрамын, сортаңдану сипатын, ыза сулардың орналасу деңгейін және кешенді өсімдік жамылғысының бедермен байланысын ескере отырып, табиғи азықтық алқап типінің шекарасы бойынша жүргізіледі.

Геоботаникалық контурдың кез келген учаскесінде типтердің (типтер айырмашылықтарының) арақатынасында 20% - дан артық болмау керек.

Сандық қатынастағы күрт өзгерістер кезінде немесе сипатталған геоботаникалық контурдың алаңынан кемінде 10-20% (масштабқа байланысты) алатын жаңа өсімдік қоғамдастығы пайда болған кезде ауыл шаруашылығы алқабының шифрлары ашылған контурының жалпы кескінін ескере отырып, жаңа контур бөлінеді.

Геоботаникалық картографиялау кезінде бөлінуге жататын ең аз геоботаникалық контур: жайылымдар үшін – 1 шаршы сантиметр (бұдан әрі – см²), шабындықтар үшін – 0,5 см² болып табылады.

Зерттеп-қарау масштабына байланысты геоботаникалық картада бөлінетін учаскелердің шамасы осы Әдістемеге 4-қосымшада көрсетілген.

26. Картографиялау бағдарлық тәсілмен жүзеге асырылады.

Бедер қатты тілімделген кезде, көлтабандарда, өзендердің жайылмаларында, басқа алқап түрлерінің арасында орналасқан азықтық алқаптардың шағын алаптарында 1:25000, 1:50000 және 1:100000 масштабында геоботаникалық картографиялау кезінде контурлар бойынша түсірілім жүргізуге жол беріледі.

Аумақ бойынша қозғалыс түсіру масштабына және бедердің күрделілігіне байланысты автокөлікпен, ат көлігімен немесе жаяу жүзеге асырылады. Картаға түсіруді жүргізу кезінде GPS (Global Positioning System) навигациялық аспабы немесе компас пайдаланылады.

27. Дистанциялық әдістерді пайдалана отырып, геоботаникалық картографиялауға спектрозоналды түсіру материалдары бойынша дайындалған фотожоспарлар болған кезде жол беріледі.

28. Бағдарға шығар алдында геоботаник далалық картаға (фотожоспарларға) қарындашпен бағдарлардың алдын ала желісін салады.

Геоботаник түсірілімдер деректерін пайдалана отырып, контурлар бойынша түсірілім жүргізу немесе фотожоспарлардың шифрларын ашу кезінде аймақты барлап айналып өту кезде нақтыланатын бөлінетін табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық контурларын алдын ала түсіреді.

Күн сайын жұмыс күнінің соңында белгіленген аумақты айналып өткеннен кейін геоботаникалық контурлардың шекаралары автоқаламмен немесе маркермен бекітіледі, далалық геоботаникалық карта жиектерімен қосылады.

29. Бағдарлар желісі жергілікті жердің масштабын, бедерін және өсімдік жамылғысының күрделілік дәрежесін ескере отырып салынады. Жүріс бағыттары жер бедеріндегі элементтердің ауысуына перпендикуляр, сондай-ақ төңіректің жүруге қолайлылығына, далалық картада бағдарлардың болуына және орналасуына, өсімдік жамылғысының алуан түрлілігіне орай таңдап алынады. Жазық жерде бағдарлардың жүрісі көбіне бір-біріне параллель, ал тауларда әр бағыттарда: тау шатқалдарында, соқпақтарда немесе тау жоталарында салынады.

30. Далалық геоботаникалық іздестірулер кезінде бағдарлар арасындағы рұқсат етілген қашықтықтар мынадай шектерде қабылданады:

масштабы 1:1000 – 50 метрден (бұдан әрі – м) аспайды;

масштабы 1:5000 – 100 м аспайды;

масштабы 1:10000 – 200 м аспайды;

масштабы 1:25000 – 500 м аспайды;

масштабы 1:50000 – 1 километрден (бұдан әрі – км) аспайды;

масштабы 1: 100000 – 2 км аспайды.

Жүріп өтуі қиын алаптарда бағдарлардың жиілігін 1,5-2 есеге дейін сиретуге рұқсат етіледі.

Егер геоботаникалық контур бағдармен қиылыспаса, онда оған бару үшін негізгі бағдардан ауытқуға рұқсат етіледі.

31. Барлық бағдарлар қатаң түрде заттай және далалық картада айырым белгілерімен байланыстырылуы қажет. Далалық картаға алдын ала барлап өту, жұмыс және бақылау бағдарлары түсіріледі.

Бағдар барысы бойынша геоботаник өсімдік қоғамдастықтары ауысуының байқалатын шекараларын далалық картаға белгілеп алады, учаскенің егжей-тегжейлі зерделеуін жүргізеді (қажет болған жағдайда), типтік алаңдарды таңдайды және түсімділіктің геоботаникалық сипаттамасын және есепке алынуын жүргізеді, алқаптың түрі фотожоспарда бейнеленген алқаптың түріне сәйкес келмесе, оның белгісін өзгертеді.

Егер бағдар сызығымен кешенді өсімдіктер жабынының учаскесі қиылысатын болса, онда табиғи азықтық алқап типінің геоботаникалық контурға қатысу пайызын көзбен

шолып немесе сызықтық таксалау әдісімен анықтайды: бағдар жүрісі бойынша спидометрмен өлшенеді, ал майда теңбілдер үшін әрбір қоғамдастықтың ұзындығы көз мөлшерімен өлшеніп, барлық мәліметтер далалық күнделікке жазылып отырылады.

Барлық бағдар бойында геоботаникалық контур шегінде пайызбен көрсетілген кесінділер ұзындығы кешен компоненттерінің кешендегі пайызын көрсететін болады.

32. Геоботаникалық іздестірулер жүргізу кезінде өсімдіктер қоғамдастығы алмасуы шекараларының мынадай үш санаты белгіленеді: айқын көрінетін, анық көрінетін (теңбелді, жиекті) және анық көрінбейтін (қосарлы).

Өртүрлі масштабтар кезінде контурлардың шекараларын дәл бөлуде осы Әдістемеге 5-қосымшада көрсетілген контурлардың шекараларын салу кезінде дәлдіктің рұқсат етілген ауытқулары шегінде ауытқуларға жол беріледі.

33. Бағдар бойынша жүргенде геоботаник міндетті түрде далалық картада жоқ, бірақ заттай түрде бар мал шаруашылығы құрылыстарын, құдықтарды, сондай-ақ табиғи азықтық алқаптарды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу қажет учаскелерді белгілеп, картаға түсіріп отырады.

34. Барлық бөлінген геоботаникалық контурлар мен геоботаникалық сипаттамалардың нүктелері далалық картада (фотожоспарда) нөмірленеді және осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геоботаникалық картаға контурлар ведомосінде сипатталады.

35. Геоботаникалық сипаттамалар нүктелерінде өсімдіктер мен дақылдық-техникалық жай-күйді толық сипаттау жүргізіледі, геоботаникалық контурға сипаттама (типтердің пайыздық арақатынасы, олардың атауы, алқап түрі, пайдалану сипаты) беріледі, гербарий үшін өсімдіктер жиналады, түсімділіктің типтері (типтердің айырмасы) немесе түрлендіру анықталады.

36. Бағдар бойынша жүру кезінде геоботаник жайылымның немесе шабындықтың типіне (тип айырмасына) жататын өсімдік жамылғысының қарапайым бірліктерімен ұсынылған учаскелерді анықтайды және сипаттайды.

37. Геоботаникалық контурда геоботаникалық сипаттаманың кемінде бір нүктесі болады. Ірі геоботаникалық контурларда геоботаникалық сипаттамалардың бірнеше нүктелері бар. Өсімдік қоғамдастықтарын сипаттайтын геоботаникалық сипаттама нүктелері ірі геоботаникалық контурлардың геоботаникалық сипаттамалары нүктелері арасындағы аралықта орналасады және далалық күнделікке жазылады.

3-параграф. Табиғи азықтық алқаптар өсімдіктерінің геоботаникалық сипаттамасы

38. Табиғи азықтық алқаптар өсімдіктерінің геоботаникалық сипаттамасы (бұдан әрі – геоботаникалық сипаттама) осы Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша арнайы бланкілерде жүргізіледі.

39. Геоботаникалық сипаттаманы жүргізу үшін геоботаник бедері, өсімдіктер қоғамдастығының құрамы, өсімдіктердің биіктігі, олардың көптігі, негізгі

компоненттердің орналасу сипаты, жалпы проекциялық жамылғы бойынша алаңы кемінде 100 шаршы метр (бұдан әрі – м2) типтік учаскені таңдайды. Далалық картада (фотожоспарда) геоботаникалық сипаттама бланкісінің реттік нөміріне сәйкес геоботаникалық сипаттама нүктесі белгіленеді.

40. Типтік учаске анықталғаннан кейін геоботаникалық сипаттама бланкісіне мынадай мәліметтерді енгізеді:

1) геоботаникалық сипаттаманың реттік нөмірі мен күні, геоботаникалық сипаттама жүргізілетін геоботаникалық контурдың нөмірі;

2) геоботаникалық сипаттаманы жүзеге асыратын тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

3) әкімшілік-аумақтық бірліктер шегіндегі өсімдіктер қоғамдастығының зерттелетін учаскесінің географиялық орналасуы туралы мәліметтер;

4) жаһандық позициялау жүйесінің координаттары;

5) бедердің сипаттамасы. Бедерді сипаттау кезінде макро-, микро- және мезобедер нысандарына сипаттама беріледі. Тауларда беткейлердің көлбеуі мен экспозициясы да (градуспен) көрсетіледі;

6) топырақтың атауы, оның тектік және түрлік белгілері (механикалық құрамы, тұздану дәрежесі).

Топырақтың атауы, оның тектік және түрлік белгілері (механикалық құрамы, тұздану дәрежесі) топырақ карталарының негізінде геоботаникалық сипаттама бланкісіне енгізіледі;

7) ылғалдану дәрежесі.

Суландыру жағдайын дұрыс сипаттау үшін міндетті түрде жеке бақылаудан басқа, гидрогеологиялық зерттеу мәліметтерін және жергілікті тұрғындардан алынған сауалнамаларды қолдану қажет;

8) топырақты өсімдіктермен проекциялық жабу, пайызбен.

Топырақты өсімдіктермен проекциялық жабу пайызбен көзбен шолып байқау немесе Раменский торшасының көмегімен анықталады.

Геоботаникалық сипаттама бланкісінде проекциялық жамылғының кемінде 10%-ын алатын өсімдік қоғамдастығының атауы жазылады. Бұл ретте массасы мен проекциялық жамылғысы қалың боп өскен өсімдіктің немесе өсімдіктер топтарының атауы бірінші орынға (доминант), азырақ өскендері – екінші және үшінші (субдоминанттар) орынға қойылады. Өсімдіктер қоғамдастығының атауына кіретін өсімдіктерден кейін осы өсімдіктер қоғамдастығында кездесетін барлық жеке тұрған өсімдіктер енгізіледі. Өсімдіктің әрбір сипатталған түрі үшін осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес геоботаникалық сипаттама бланкілерінде жазу үшін оның биіктігі мен вегетация фазалары келтіріледі.

Аз мөлшердегі индикаторлық және шаруашылық маңызы бар өсімдіктер қоғамдастықтың атауларынан кейін көрсетіледі.

Геоботаникалық сипаттама бланкісінде өсімдіктерді сипаттауға қатысты бағандар толтырылады. Өсімдіктер тізімінде жоғарғы сатыдағы барлық өсімдіктер доминанттан бастап проекциялық жамылғының азаю тәртібімен көрсетіледі. Әрбір түрге сипаттама беріледі – проекциялық жамылғысы (көз мөлшерімен), биіктігі (бірнеше өлшем бойынша орташа немесе вегетативті және генеративтік тармақтар үшін ең жоғары және ең төмен), фенофаза;

9) ылғал және құрғақ салмақтағы өсімдіктердің түсімділігі бойынша деректер. Табиғи азықтық алқаптардың түсімділігін айқындау осы Әдістеменің 4-тарауының 4-параграфына сәйкес жүзеге асырылады;

10) дақылдық-техникалық жай-күйдің түрі мен айқындылық дәрежесі, нақты шаруашылықта пайдалану сипаты, пайдалану бойынша алдын ала ұсынымдар және жақсарту бойынша ұсынылатын іс-шаралар.

41. Зерттеп-қаралатын аумақ шегінде геоботаникалық сипаттама бланкілерінің бірыңғай нөмірленуі қолданылады.

4-параграф. Табиғи азықтық алқаптардың түсімділігін анықтау

42. Табиғи азықтық алқаптардың түсімділігін анықтау екі әдіспен жүзеге асырылады:

- 1) орым әдісімен;
- 2) модельді өсімдіктер әдісімен.

43. Орым әдісі шөпті және жартылай бұталы өсімдіктер үшін қолданылады.

Орым әдісі бойынша геоботаникалық сипаттау орнында 11 м шаршы жақтауды қолданып, орым алаңдары қоршалады. Бұл ретте, проекциялық жамылғысы біркелкі өсімдіктер қоғамдастығына 1 м² орым алаңшалары 4 рет қайталанады. Сирек шөпті жерлердегі орым алаңдарының саны сегіз-он рет қайталануға сәйкес келеді. Бұталы өсімдіктері бар жайылымдарда бұталардың түбіне немесе ашық алаңқайларға 1х2,5 м орым алаңдары салынады.

Далалық, аласа шөпті шөлейттегі және таулы жайылымдардағы қалың шөп топырақ бетінен 1-3 сантиметр (бұдан әрі – см) биіктікте, жуан сабақты биік шөптер топырақ бетінен 5-10 см биіктікте орылады. Жартылай бұталы және бұталы жайылымдарда тек жаңа шыққан өркендер мен жапырақтар (ағымдағы жылғы өсім) кесіп немесе жұлып алынады, биік ірі бұталардың өркендері мен жапырақтары 1,2 метр биіктікке дейін кесіп алынады. Шабындықтағы түсімді есепке алғанда топырақ бетінен 4-6 см биіктікте орылады.

Түсімділікті анықтау кезінде барлық жалпы массаны (желінбейтін өсімдіктермен бірге), оның ішінде құрғақ массаның гектарынан алынған центнердегі (бұдан әрі – ц/га) азықтық (малдың бір түрі жейтін) массасын есепке алады. Кебу коэффициентін анықтау үшін он күнде бір рет өсімдік қоғамдастықтарының әрбір түрі бойынша орымды (өсімдіктерді) дымқыл күйінде өлшеу жүргізіледі. Өсімдіктердің дымқыл және

құрғақ салмағының пайызы кебу коэффициенті болады. Геоботаникалық сипаттау бланкісіне барлық мәліметтер граммен жазылады, қорытынды бағанда түсім ц/га көрсетіледі.

44. Түсімділікті орым әдісі бойынша анықтау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Түсім. ц/га} = U * \frac{10\,000}{4} / 100\,000$$

мұндағы:

U – төрт рет қайталанатын 1 орымның түсімділігі граммен;

10000 – 1 гектардағы шаршы метр саны;

4 – орым алаңдарының шаршы метрлері;

100000 – 1 центнердегі грамм саны.

Мал жайылып (оттап) өткен жерлерде, анықталатын түсімділікке кейіннен түзетулер енгізу үшін, жекелеген өсімдіктер бойынша көз мөлшерімен желінген шөптің болжамды пайызы анықталады.

Түсімділікті отталуы бойынша анықтау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Түсім. отталуы} = \frac{\text{Құр. масса (ц/га)}}{X\%} * 100\%$$

мұндағы:

Құр. масса – отталмаған учаскенің құрғақ массасы;

X% – отталмаған учаскенің пайыздық арақатынасы.

45. Модельді өсімдіктер әдісінің дәлдігі өсімдіктердің орташа өлшемдерін анықтау, өсімдіктерді модельді өсімдіктер ретінде таңдауға және алынған модельді өсімдіктердің санына байланысты болады.

Модельді өсімдіктер әдісі өсімдіктердің, шөлдегі сирек кездесетін жартылай бұталы өсімдіктердің және ірі түпті қалың шөпті өсімдіктердің түсімділігін анықтау үшін қолданылады.

Модельді өсімдіктер әдісі өсімдіктер қоғамдастығының жанасуы болмашы болғанда, сондай-ақ бұталар мен шала бұталардың басым көпшілігі аса үлкен болған жағдайда қолданылады.

Түсімділікті модельдік өсімдіктер әдісімен анықтау кезінде өскіндерді қоспағанда, есепке алынатын түрдің өсімдіктерінің түрлері қайта есептелетін көлемі 10x10 м алаң

салынады. Биіктігі мен диаметрі бірдей өсімдіктердің үлгілері қайта есептеу жүргізілетін 2-3 бөлімшеге топтастырылады.

Өлшемі бойынша бөлінген әрбір топтан түсімділікті есептеуге өсімдіктердің жай-күйіне байланысты әр түр үшін майда өсімдіктердің 5-10 түрі және ірі өсімдіктердің 1-2 түрі алынады. Олардың салмағы санатына қарай құрғақ және ылғал күйінде өлшеніп, бір өсімдіктің орта салмағы анықталады, одан кейін 1 гектардағы өсімдік түрінің санына сүйене отырып, түсімділік есептеледі.

Өсімдік түрлерінің санын есептеу әр геоботаникалық сипаттамада, ал түсімділікті алу он күнде бір рет жүргізіледі.

46. Түсімділікті модельді өсімдіктер әдісі бойынша анықтау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{Түсім. ц/га} = \frac{N * U * 100}{100\ 000}$$

мұндағы:

N – трансектідегі бұталар саны (алаңы 100 м²);

U – бір орташа модельдік бұтаның граммдағы түсімділігі;

100 – 1 гектардағы алаңдардың саны;

100000 – 1 центнердегі грамм саны;

Өскінді типіндегі бұталар тоғай болып кеткен жағдайда, түсімділік орым алаңқайлары арқылы анықталады, олардың шамасы өсімдіктің екі рет қайталанған биіктігіне байланысты болады (1м1м, 2м2м).

Егер бір учаскеде шөптесін өсімдіктермен бірге желінбейтін бұталар және ағаштар кездесетін болса, онда орым алаңқайлары мүмкіндігінше ашық алаңға салынады. Түсімділікті есептеген кезде бұталар не ағаштар алып жатқан алаң есепке алынбайды. Ол үшін трансект әдісі қолданылады, трансектің ішінде кездесетін ағаштар мен бұталардың саны есептеледі және олардың түптерінің алаңдары өлшенеді.

47. Құрғақ және ылғал салмақтағы жекелеген өсімдіктердің түсімділігі бойынша барлық деректер геоботаникалық сипаттау бланкілеріне жазылады.

48. Тауларда түсімділікті есептегенде беткейлердің тіктігіне байланысты, геоботаникалық картада көрсетілген беткейлердің проекциясына қарағанда олардың алаңдарын арттыруды ескеретін түзетулер енгізіледі.

Беткейлердегі түсімділікті есептеу мына формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Түсім. бет. тіктігі} = \frac{\text{Құр. масса (ц/га)} * X}{100}$$

мұндағы:

Құр.масса (ц/га) – далалық зерттеп-қарау кезеңінің нәтижесінде орым алаңынан алынған нақты құрғақ масса;

X – беткейлік бойынша түзету, градуспен;

100 – 1 гектардағы алаңдардың саны.

Жергілікті жердің еңістігі ескерілген түзетулер шамасы осы Әдістемеге 9-қосымшада көрсетілген.

5-параграф. Табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің сипаттамасы және табиғи азықтық алқаптарды жақсарту, пайдалану және қорғау жөніндегі ұсынымдарды айқындау

49. Табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйін бағалау табиғи азықтық алқаптарды жақсарту, пайдалану және қорғау туралы ұсынымдар әзірлеу мақсатында жүзеге асырылады.

Далалық геоботаникалық іздестірулерді орындау кезіндегі табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйін әрбір бөлінген геоботаникалық контурды қарау кезінде геоботаник анықтайды. Табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйі туралы алынған мәліметтер әрбір тип (тип айырмасы) немесе түрлендіру бойынша жеке геоботаникалық сипаттама бланкісіне, осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геоботаникалық картаға контурлық ведомоске және осы Әдістемеге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша контурлық бланкіге енгізіледі.

50. Геоботаникалық іздестірулер жүргізу кезінде табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің мынадай түрлері ерекшеленеді:

1) жақсы жай-күйдегі – бұталарсыз, төмпешіктерсіз, арамшөптерсіз, табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйін нашарлататын іркіліссіз және белгілерсіз таза жайылымдар мен шабындықтар. Таза табиғи азықтық алқаптарға, сондай-ақ үстіртін жақсартылған жайылымдар (азықтық өсімдіктер қосымша егілген, бұталардан тазартылған және жайылымдардың дақылдық-техникалық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыс түрлері жүргізілген) жатады;

2) сирек орманданған жайылымдар мен шабындықтар (сүрек қабаты ұшарбасының түйісуі 25%-дан аспайтын жайылымдар мен шабындықтардың сирек орманданған түрлері контур алаңының 50-ден 100%-на дейін алады; сүрек қабаты ұшар басының түйісуі 25%-дан аспайтын жайылымдар мен шабындықтардың орташа орманданған түрлері-контур алаңының 15%-дан 30%-на дейінгі алаңын алады);

3) жиі орманданған жайылымдар мен шабындықтар (жайылымдар мен шабындықтардың қатты орманданған түрлері контур алаңының 35-тен 80%-на дейінгі алаңын алады);

4) сирек бұталанған жайылымдар мен шабындықтар (бұталар, қатты және орташа бұталанған жайылым түрлері контурдың 15%-дан 30%-на дейін алаңын алады, әлсіз бұталанған-контурдың 50%-дан 100%-на дейін алаңын алады);

5) жиі бұталанған жайылымдар мен шабындықтар (бұталар контурдың 35%-дан 50%-на дейін, жайылымдардың орташа және жиі бұталанған түрлері-контурдың 35%-дан 100%-на дейін алаңын алады);

6) сирек орманданған және аршамен сирек бұталанған жайылымдар (арша тоғайлары, орташа және жиі орманданған және бұталы жайылым түрлері контур алаңының 15-тен 30%-ға дейін, аз орманды және бұталы – контур алаңының 50-ден 100%-на дейін);

7) жиі орманданған және аршамен жиі бұталанған жайылымдар (арша тоғайлары контур алаңының 35-тен 50%-на дейін, орташа және жиі орманданған және бұталанған жайылым түрлері – контур алаңының 35-тен 100%-на дейін алып жатыр);

8) қара сексеуілмен сирек орманданған және ақ сексеуілмен сирек бұталанған жайылымдар (сексеуіл тоғайлары, орташа және жиі орманды және бұталы жайылым түрлері контур алаңының 10%-дан 30%-на дейін, аз орманданған және бұталы-контур алаңының 50-ден 100%-на дейін алаңын алады);

9) сексеуілмен жиі орманданған және жиі бұталы жайылымдар (сексеуіл тоғайлары контур алаңының 35-тен 50%-на дейін, жайылымдардың орташа және жиі орманды және бұталы түрлері-контур алаңының 35-тен 100%-на дейін алады);

10) томарлары аз жайылымдар мен шабындықтар (топырақ үйінділерімен томарлары өте көп жайылымдар контур алаңының 15-50%-ында, сирек және орташа - контур алаңының 55-100%-ында байқалады);

11) жиі шоқыланған жайылымдар мен шабындықтар (жиі шоқыланған контур алаңының 55-100%-ында байқалады);

12) тастары аз жайылымдар (топырақ бетіндегі тастар, байырғы жыныстардың шығулары, жайылымдардың орташа және жиі тас басқан түрлері контур алаңының 15-тен 30%-ына дейін, сирек тасаланған-контур алаңының 30-дан 100%-ға дейін алады);

13) тастары көп жайылымдар (топырақ бетіндегі тастар, байырғы жыныстардың шығуы контур алаңының 35-тен 50%-на дейін, жайылымдардың орташа және жиі тас басқан түрлері - контур алаңының 35-тен 100%-на дейін алады);

14) тақырлары бар жайылымдар (тақырлар контур алаңының 30%-дан астамын алады);

15) сортаңдары бар жайылымдар (сортаңдар контур алаңының 30%-дан астамын алады);

16) саз шығатын жайылымдар (саз шығатын жерлер контур алаңының 30%-дан астамын алады);

17) жел эрозиясы (құмдардың түсуі контур алаңының 15-30% байқалады);

18) су эрозиясы (таяз шұңқырлардың тығыз желісінің болуы 0,2-0,3 метр (бұдан әрі – м) немесе шайылатын саздардың жалаңаштануы контур алаңының 15-30%-ында, таяз шұңқырлардың сирек желісі болған кезде контур алаңының 35-100%-ында байқалады);

19) жайылымдық және жолдық эрозия (соқпақтар және жолдармен кесектену контур алаңының 15-30% байқалады);

20) жел эрозиясы (құмдардың ашылуы контур аймағының 35-50%-ында байқалады);

21) су эрозиясы (таяз шұңқырлардың тығыз желісінің болуы контур алаңының 35-100%-ында, терең шұңқырлардың тығыз желісі 0,3 м-ден жоғары-контур алаңының 15-30%-ында, терең шұңқырлар мен жыралардың сирек желісі-контур алаңының 35-100%-ында байқалады);

22) жайылымдық және жол эрозиясы (соқпақтар және жол жиектемелері контур алаңының 35-100% байқалады);

23) контур алаңының 30%-дан астам алаңында шұңқырлар мен ойықтардың болуы;

24) жер беті жер қазғыштардың (сарышұнақтардың, құмтастардың) жолдарымен немесе 30%-дан астам алаңда термит қорғандар қазылған болған кезде;

25) әлсіз батпақтанған жайылымдар мен шабындықтар (мерзімді батпақтану контур алаңының 15-100%-ында, тұрақты батпақтану-контур алаңының 15-30%-ында байқалады);

26) қатты батпақтанған шабындықтар мен жайылымдар (контур алаңының 35-50% тұрақты батпақтану);

27) арамшөбі аз жайылымдар мен шабындықтар (нашар желінетін және желінбейтін өсімдік түрлерінің төмен дәрежеде басып кетуі контур алаңының 80-100%-ында, орташа және жиі – контур алаңының 15-30%-ында, улы өсімдіктер мен улы шөптердің қаптап өсуі – контур алаңының 10-30%-ында байқалады);

28) арамшөбі көп жайылымдар мен шабындықтар (нашар желінетін, желінбейтін және улы өсімдіктер түрлерінің орташа және көп дәрежеде басып кетуі контур алаңының 35-100%-ында, улы өсімдіктер 35-75%-ында байқалады);

29) қалың өскен улы өсімдіктер контур аймағының 80-100%-ын құрайды;

30) қылқан селеу басқан жайылымдар мен шабындықтар (қылқан селеу басым типтер контурдың 30%-дан астамын алады). Қылқан селеудің қаптап өсуі орташа дәрежеде (субдоминант ретінде қылқан селеу) және күшті дәрежеде (доминант ретінде қылқан селеу) байқалады;

31) орташа тапталған, қарқынды пайдаланылатын жайылымдар (орташа тапталған жайылымдар контур алаңының 30-100%-ын, қатты тапталған жайылымдар – контур алаңының 30-75%-ын, мал табаны таптаған – контур алаңының 30-50%-ын алады).

32) қатты тапталған жайылымдар (қатты тапталған, бір жылдық өсімдіктер басқан жайылымдар контур алаңының 80-100%-ын, мал таптаған жерлер – 55-75%-ын алады).

Жайылымдар мен шабындықтардың шабындық шөптеріндегі қажетсіз өсімдіктер тізбесі сәйкесінше осы Әдістемеге 11 және 12-қосымшаларда келтірілген.

51. Далалық геоботаникалық іздестірулер процесінде әрбір геоботаникалық контур бойынша өсімдіктердің типологиялық құрамын, топографиялық және экологиялық жағдайларын (бедері, топырағы, ылғалдануы), өсімдіктердің түсімділігі мен азықтық қасиеттерін, дақылдық-техникалық жай-күйін ескере отырып, табиғи азықтық алқаптарды ұтымды пайдалану, жақсарту және қорғау жөніндегі алдын ала іс-шаралар айқындалады.

Далалық геоботаникалық іздестірулер процесінде әрбір геоботаникалық контур бойынша түсімділіктің төмен болуының, азық сапасының нашарлығының және контурдың дақылдық-техникалық жай-күйінің (бар болса) себептері де анықталады.

Осы Әдістемеге 13-қосымшаға сәйкес табиғи азықтық алқаптарды жақсарту, пайдалану және қорғау жөніндегі ұсынымдар геоботаникалық сипаттама бланкісіне, осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геоботаникалық картаның контурлар ведомосіне және оның әрбір компонентінің дақылдық-техникалық жай-күйін ескере отырып, әрбір геоботаникалық контур үшін осы Әдістемеге 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша контурлар бланкісіне жазылады.

6-параграф. Гербарий жинау

52. Геоботаникалық іздестірулер жүргізу кезінде геоботаник зерттеп-қаралатын аумақтағы барлық флористикалық құрамды анықтайды.

53. Гербарийге арналған өсімдіктер көктемнен қара күзге дейін бүкіл вегетация кезеңінде жиналады. Гербарийге бір өсімдіктің вегетацияның түрлі сатыларында: қауызданғанда, гүлдегенде және жеміс берген кезде жиналғаны дұрыс.

Гербарий жемісі мен тамыры бар өсімдіктерден, әсіресе астық тұқымдастар, қияқөлеңдер, лалагүлдер, крестгүлділер, айлаулықтар, шатыршагүлдер, күрделігүлділер тұқымдастарынан құралады, өйткені селеуді қылқансыз, пиязды баданасыз, әремді тамырсыз, сасырды тұқымсыз және жеміссіз, жусанды себетсіз анықтау мүмкін емес.

Өсімдіктерді орташа мөлшердегі өсімдіктер түрлерін таңдай отырып, гербарий папкаларында жинайды. Егер өсімдіктердің мөлшері ортадан жоғары болса (қамыс, шатыргүлділер, күрделігүлділер), онда мұндай өсімдіктер екі-үш бөлікке кесіледі. Өсімдіктің жоғарғы бөлігін гүлімен немесе жемісімен және төбе жапырақтарымен, сабағының орта бөлігін – жапырағымен, төменгі бөлігін – тамырымен және оған жақын төменгі бөлігін сабағымен және оған жақын тамыржапырақшаларымен бірге алады. Өсімдіктің әрбір бөлігін жеке параққа салып, арасына қағаз салып отырады. Өсімдіктің негізгі жуан тамыры мен баданасының басы ұзынынан екіге жартыға кесіледі, жартысы сабақта қалдырылады. Төгіліп пісіп тұрған тұқым қағаз қалтаға жиналып, гербарийдің ішіне салынады.

Жиналған өсімдіктерді гербарирлеу үшін гербарлық баспақ қажет. Жиналған өсімдіктер гербарий баспағына біркелкі орналастырылады. Құрғақ ауа-райында

гербарий үлгілерінің сынуын болдырмау үшін кептірілген гербарий үлгілері бар гербарий баспақтарына ылғалданған қағаз қойылады.

Нәзік өсімдіктерді гербарий баспағына жеке салу керек, оны қалыңдығы бірдей емес, жуан өсімдіктермен араластырып салуға болмайды.

54. Гербарий үлгісі мынадай мәліметтерден тұратын заттаңбамен жабдықталады:

- 1) далалық шартты аты, кейін камералды кезеңде нақты атына ауыстырылады;
- 2) географиялық орналасуы (облыс, аудан, елді мекеннің аты, географиялық объектінің және бағдардың аты);
- 3) тіршілік ету ортасы (микробедері, мезобедері, макробедері);
- 4) топырағы;
- 5) өсімдіктің аты, даладағы өсімдіктің түсі, биіктігі, ересек бұталардың қабығының түсі;
- 6) жинау күні және геоботаниктің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі.

55. Гербарий үлгілері мынадай жағдайларда жиналады:

- 1) далалық жағдайларда өсімдік түрін анықтау мүмкін болмағанда;
- 2) өсімдіктердің сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлері табылғанда;
- 3) Гербарлық қорда сақталатын ескірген гербарий үлгілерін ауыстырғанда.

7-параграф. Далалық құжаттаманы ресімдеу

56. Далалық геоботаникалық іздестірулерді орындау кезінде далалық күнделік жүргізіледі.

Далалық күнделікке нүктелердің геоботаникалық сипаттамалары, аумақты қазіргі заманғы пайдалану туралы мәліметтер (жеке бақылаулар, сауалнама деректері), өсімдіктердің даму жағдайы туралы, аумақтың табиғи ерекшеліктері (бедері, топырағы, сулануы), өсімдіктердің желінуі, балғын шөптің шығымдылығы мен биологиялық ерекшеліктері туралы бақылаулар жазылады. Далалық күнделікте геоботаникалық картаға түсіруге, өсімдіктердің геоботаникалық сипаттамасымен және түсімділігін анықтауға байланысты барлық бастапқы есептеулер жүргізіледі.

Бағдар бойынша жүру кезінде далалық күнделікке қиылысатын өсімдік қоғамдастықтары, олардың көлденең қималарының ені, шөптің даму ерекшеліктері, дақылдық-техникалық жай-күйі, бедері, өсімдіктердің көптігі, доминанттар, субдоминанттар, проекциялық жабыны жазылады және белгіленеді.

Далалық күнделікке жазу қысқаша жүргізіледі, бұл ретте өсімдіктер қоғамдастығының атауын және топырақ түрлерін шартты түрде көрсету үшін алдын ала жасалған индекстер және әр түрлі қысқартылған терминдер қолданылады.

57. Далалық кезеңде осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геоботаникалық картаға контурлар ведомосі ішінара толтырылады.

Контурлар ведомосінде геоботаникалық картада белгіленген барлық контурлар сипатталады.

Контурлар ведомосі бағдар барысы бойынша, ұсақ геоботаникалық контурларда – тікелей геоботаникалық сипаттама нүктесінде, ірі геоботаникалық контурларда – осы геоботаникалық контурды толық тексергеннен кейін толтырылады.

8-параграф. Жиналған мәліметтерді алғашқы өңдеу

58. Далалық геоботаникалық іздестірулер процесінде жиналған материалдардың алғашқы өңдеуі жүргізіледі, оның міндеті кейін оларды далада түзету мақсатында жинақтау, талдау және кемшіліктерін анықтау болып табылады.

Геоботаникалық сипаттамалардың жіберілуіне жол бермеу үшін және табиғи азықтық алқаптың әрбір типі (тип айырмасы) немесе түрленуі бойынша орымдарды тіркеу үшін осы Әдістемеге 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сипатталған өсімдік қоғамдастықтарын есепке алу жүргізіледі.

Геоботаникалық сипаттамалардың бланкілерін талдау негізінде ландшафтық бөлімшелер бөлінісінде табиғи азықтық алқаптардың типологиялық құрамы жасалады, негізгі таксономиялық бірліктер – типтер, кіші типтер, типтер айырмасы, түрленулер бөлінеді.

59. Далалық геоботаникалық іздестірулерді жүргізу процесінде:

1) контурлардың дұрыс бөлінуіне және олардың картографиялық негізге дәлдікпен түсірілуіне (тексеру бағдары салынады, мұнда айқындалған геоботаникалық контурлардың кемінде 10%-ы орналасқан жерінде тексеріледі);

2) типологиялық құрамды анықтаудың дұрыстығына және оның кешенді контурлардағы пайыздық қатынасына;

3) өсімдіктер типтерінің, айырмаларының, түрленулердің және өсімдіктердің өздерінің атауларын анықтау дәлдігіне;

4) түсімділікті анықтаудың дұрыстығына (орым алу, орым үлгілерін кесіп алу биіктігі, кептірілуі);

5) барлық қажетті нысандардың дұрыс толтырылуына;

6) дақылдық-техникалық жай-күйінің толық сипатталуына;

7) ұсынылатан шаралардың толықтығына және негізділігіне ай сайын далалық жұмыстардың толықтығы мен сапасын бағалау жүзеге асырылады.

Далалық жұмыстардың толықтығы мен сапасын бағалау нәтижелері осы Әдістемеге 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша далалық жұмыстарды тексеру актісі түрінде ресімделеді.

5-тарау. Камералдық кезең

60. Камералдық кезеңде далалық кезеңнің материалдары өңделеді.

Камералдық кезеңде мынадай жұмыстар орындалады:

1) материалдарды флоралық құрам бойынша өңдеу;

2) табиғи азықтық алқаптардың түпкілікті түрлік құрамын қалыптастыру және геоботаникалық картаға түсініксөз жасау;

3) шабындықтар мен жайылымдар түсімділігін есептеу;

4) азықтық және өзге де алқаптар алаңдарын есептеу;

5) геоботаникалық картаға контурлар ведомосін ресімдеу;

6) геоботаникалық картаны жасау және ресімдеу;

7) мамандандырылған карталар (картограммалар) жасау: табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйі, табиғи азықтық алқаптарды ұтымды пайдалану жөніндегі ұсынымдар, қосымша картограммалар;

8) жиынтық ведомостер жасау;

9) очерк жасау.

1-параграф. Материалдарды флоралық құрамы бойынша өңдеу

61. Флоралық құрамы бойынша материалдарды өңдеу кезінде:

1) гербарий анықталады;

2) өсімдіктердің тектік және түрлік атаулары нақтыланады;

3) геоботаникалық сипаттау бланкілері мен контурлар ведомосінде далалық кезеңде дұрыс аталмаған өсімдіктердің атаулары түзетіледі.

2-параграф. Табиғи азықтық алқаптардың түпкілікті түрлік құрамын қалыптастыру және геоботаникалық картаға түсініксөздер жасау

62. Далалық кезеңде айқындалған және өсімдіктердің сипаттамасы жүргізілген өсімдіктер қауымдастығы камералдық кезеңде экологиялық жағдайлар (бедері, топырағы, суландырылуы) және өсімдіктердің құрамы негізінде типтерге, кіші типтерге, тип айырмасына және түрлендіруге топталады.

Геоботаникалық сипаттамалардың бланкілерінде сипатталған өсімдік қоғамдастықтары типтің айырмасын білдіреді.

63. Табиғи азықтық алқаптың типі геоботаникалық сипаттамаларды жалпылау және жүйелеу нәтижесінде зерттеп-қарау аяқталғаннан кейін айқындалады.

64. Табиғи азықтық алқаптардың кіші типтері топырақтағы айырмашылықтар негізінде айқындалады.

65. Табиғи азықтық алқаптар типтерінің түрленулері бастапқы типтер немесе типтер тобы белгілі болған кезде жайылымның әсерінен пайда болған қайталама өсімдіктерді көрсетеді.

Түрленулер жайылымдарға да, шабындықтарға да тән. Шабындықтарда түрленулер оларды ұтымсыз пайдалану (шөп шабуға дейін және шөп шабылғаннан кейін айтарлықтай жүктемемен жаю) нәтижесінде пайда болады.

Типтердің, тип айырмаларының және түрленулердің атауында өсімдіктердің басым түрлері немесе топтары бірінші орынға қойылады.

66. Геоботаникалық картаға түсініксөз осы Әдістемеге 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалады.

67. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық картасының түсініксөзінде бөлінген типтер осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптарының жіктемесіне сәйкес бедердің жіктемесі шегінде жүйеленеді.

Табиғи азықтық алқаптардың белгіленген түрлері геоботаникалық картаның түсініксөзінде ылғалдану дәрежесіне, топырақ түріне, олардың механикалық құрамы мен тұздылығына қарай орналастырылады.

Табиғи азықтық алқаптардың әрбір типіне осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптардың сыныптамасы бойынша сыныптар мен кіші сыныптардың индексі беріледі.

Табиғи азықтық алқаптар, өзге де алқаптар мен жерлер типтерінің нөмірлері, алаңы, бояу индексі, типтердің атауы, типтер айырмасы, түрленулер, топырақтың атауы, бедер, жалпы түсімділік, маусымдар бойынша түсімділік, өсімдіктердің қысқаша сипаттамасы, пайдалану жөніндегі ұсынымдар әрбір таксономиялық бірлік (тип, кіші тип, айырмасы, түрленулер) үшін түсініксөзде келтіріледі.

Жалпы түсімділік көпжылдық метеорологиялық жағдайларды (жауын-шашын, ауа температурасы) ескере отырып, құрғақ массаның бір гектарынан центнермен көрсетіледі, желінетін өсімдіктердің түсімділігі – жыл мезгілдері бойынша бір гектардан алынатын құрғақ массаның центнерімен және азық бірлігімен, сондай-ақ бір гектардағы қорытылатын протеиннің килограммымен көрсетіледі.

3-параграф. Шабындықтар пен жайылымдар түсімділігін есептеу

68. Табиғи азықтық алқаптардың геоботаникалық іздестірулері кезінде жайылымдар түсімділігі жыл мезгілдері бойынша, ал шабындықтар түсімділігі – шөп шабудың қолайлы уақыты бойынша есептеледі.

69. Түсімділіктің маусымдық шамалары метеорологиялық жағдайлар бойынша орташа жылға зерттеп-қаралған аумақтың от-суының молдығын есептеу үшін қолданылады.

70. Орташа жылға түсімділікті есептеу үшін зерттеп-қаралатын жылға метеорологиялық деректер талданады. Ол үшін жауын-шашынның орташа айлық мөлшері, температурасы бойынша зерттеп-қаралатын аумақтағы метеорологиялық станциялардың көпжылдық деректері, сондай-ақ зерттеп-қараудың алдындағы жылдың күзіндегі, қыстың басындағы (желтоқсан) және зерттеп-қаралатын жылдың қысындағы

(қаңтар, ақпан), көктеміндегі, жазындағы көрсеткіштер талданады, сондай-ақ далалық кезеңде жиналған сауалнама деректері, жеке бақылаулар, стационарлардың, өткен жылдардағы геоботаникалық іздестірулер деректері ескеріледі.

Зерттеп-қарау жылына метеорологиялық деректерді талдағаннан кейін орташа жылға түзету коэффициенттері пайызбен (+ немесе -) белгіленеді, алынған түзету коэффициенті зерттеп-қарау жылының түсімділігіне қолданылады.

Жүргізілген талдау негізінде түсімділікті орташа жылға келтіру үшін түзетулер белгіленеді. Метеорологиялық деректер болмаған кезде түсімділікті есептеу зерттеп-қарау жылына жүргізіледі.

Шабындықтар үшін ыза сулар есебінен зерттеп-қарау жылындағы ылғалдылықтың ерекшеліктері ескеріліп, қажет жағдайда түзетулер енгізіледі.

71. Табиғи азықтық алқаптардың типтері және түрленулері бойынша түсімділікті есептеу осы Әдістемеге 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – 17-қосымшаның нысаны) жүргізіледі. 17-қосымшаның нысанына геоботаникалық сипаттамалар бланкілерінің деректері енгізіледі және типтер мен түрленулер түсімділігі (жалпы және желінетін өсімдіктердің маусымдар бойынша түсімділігі) есептеледі.

72. Түсімділікті есептеу кезінде бір маусымдағы өсімдіктердің геоботаникалық сипаттамаларының бланкілері алынады. Ықтимал техникалық және басқа қателіктері бар геоботаникалық сипаттамалардың бланкілері түсімділік есептемесінен алынып тасталады.

Дұрыс деректер алу үшін есептеуге әрбір тип, кіші тип, тип айырмасы, түрленулер бойынша геоботаникалық сипаттау бланкісі алынады. Геоботаникалық сипаттаулар саны жағынан жеткіліксіз болған жағдайда, геоботаникалық сипаттау бланкілері бірнеше аралас жер учаскелері бойынша біріктіріледі.

73. Түсімділікті есептеу кезінде өсімдіктің әрбір жеке түрі үшін осы Әдістемеге 18-қосымшаға (бұдан әрі – 18-қосымша) сәйкес өсу серпініне және бір жылдық өсімнің өсімдік массасының сақталуына, қоректілігіне және маусымдар бойынша қорытылатын протеиннің мөлшеріне желіну коэффициенттері қолданылады.

74. Есептеу парағына өсімдіктер қоғамдастығы мен топырақтың атауы енгізіледі, геоботаникалық сипаттамалар бланкілерінен күні, геоботаникалық сипаттаманың нөмірі, геоботаникалық контурдың нөмірі енгізіледі. Осыдан кейін 18-қосымшадан түсімділігі бар геоботаникалық сипаттама нысанына енгізілген өсімдіктер дәйекті түрде таңдалады.

75. Табиғат жағдайларындағы кейбір өзгешеліктерге немесе алдыңғы шаруашылықта пайдаланылуына қарай түсімділік ауытқуының амплитудасы едәуір болса, азықтық түсімділік бойынша нұсқалар белгіленеді. Азықтық түсімділік бойынша нұсқаларға түсімділігі мынадай шектердегі геоботаникалық сипаттау бланкілері ерекшеленеді:

шөл өсімдіктері (жартылай бұталар, бұталар, бір жылдық сораңшөп):

1-нұсқа – 0,5 ц – 2 ц (бұдан әрі – ц);

2-нұсқа – 2,1 ц – 5,0 ц

3-нұсқа – 5,0 ц-ден көп

дала және шөлейтті шөптесін өсімдіктері

1-нұсқа – 1,5 – 4,0 ц

2-нұсқа – 4,1 – 8,0 ц

3-нұсқа – 8,0 ц-ден көп

шалғындық

1-нұсқа – 3,0 – 8,0 ц

2-нұсқа – 8,1 – 13,0 ц

3-нұсқа – 13,1 – 20,0 ц

4-нұсқа – 20,0 ц-ден көп.

Нұсқалар арасындағы түсімділік айырмашылығы шөл өсімдіктері үшін кемінде 1,5 ц, дала және шөлейт өсімдіктері үшін – кемінде 3 ц, шалғындық өсімдіктер үшін – кемінде 4 ц құрайды.

76. Жайылымдар мен шабындықтар үшін жаздағы жалпы түсімнің гектардағы құрғақ салмағы центнермен есептеледі және желінетін өсімдіктердің түсімі (жайылым үшін – маусым бойынша) құрғақ салмағымен, азық бірлігімен және қорытылатын протеин мөлшерімен есептеледі. Шабылатын жайылымның түсімділігі, оны шөп ору үшін пайдаланған жағдайда, жайылымнан 20%-ға төмен етіп алынады.

77. Түсімділігі (өнімділігі) бойынша азық бірлігімен жайылым сапасына бағалау жүргізіледі, ол геоботаникалық картаның түсініксөзіне жазылады. Шабындықтар мен жайылымдардағы азық сапасы қоректілігі (100 кг азықтағы азық бірлігі) бойынша бағаланады. Өнімділігі бойынша жайылымдардың сапасын бағалау, құнарлылығы бойынша жайылымдар мен шабындықтардағы азық сапасын бағалау өлшемшарттары осы Әдістемеге 19-қосымшада келтірілген.

78. Түсімділік бойынша деректер осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геоботаникалық картаға контурлар ведомосіне және осы Әдістемеге 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геоботаникалық картаға түсініксөзге енгізіледі.

4-параграф. Азықтық және өзге де алқаптар алаңдарын есептеу

79. Типтердің (кіші типтердің, тип айырмасының және түрленулердің) және басқа алқаптар мен жерлердің алаңдары олардың контурға қатысу пайызы арқылы анықталады, содан кейін барлығы қосылады және геоботаникалық картаға түсініксөзге жазылады.

5-параграф. Геоботаникалық картаға контурлар ведомосін ресімдеу

80. Камералдық кезеңде далалық геоботаникалық іздестірулер материалдары өңделгеннен кейін осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша геоботаникалық картаға контурлар ведомосі толықтырылады.

6-параграф. Геоботаникалық картаны жасау және ресімдеу

81. Геоботаникалық картаға түсініксөздің соңғы нұсқасы және геоботаникалық картаға контурлар ведомосі жасалғаннан кейін геоботаникалық карта ресімделеді.

Геоботаникалық карта топографиялық негізді және бөлінген геоботаникалық контурлардың шекараларын сақтай отырып, жеке фотожоспарларда жасалады. Геоботаникалық картада геоботаникалық контурдың типологиялық құрамы, түсімділігі, дәрілік өсімдіктердің бар-жоғы көрсетіледі.

Геоботаникалық картада геоботаникалық контурлар осы Әдістемеге 20-қосымшаға сәйкес геоботаникалық картаны бояу бойынша шартты белгілерге сәйкес басым өсімдіктер бойынша боялады. Бояу индексі геоботаникалық контурда қойылады, сонымен қатар бүкіл геоботаникалық контур бойынша шабындықтардың немесе жайылымдардың таңбалары қойылады.

Нақты геоботаникалық контурдың типологиялық құрамы картада формула түрінде көрсетіледі, оның алымында - геоботаникалық картаға түсіндірмесөзде типтің контурдағы пайыздық үлесімен бірге түсіндірме жазба бойынша, типтің (кіші типтің, тип айырмасының, түрленулердің) реттік нөмірі, бөлімінде – контурдың нөмірі, жайылым үшін пайдалануға ұсынылған мерзімі бойынша азықтық алқаптардың түсімділігі көрсетіледі. Типтер формулада алып жатқан алаңның азаю тәртібімен қойылады. Азықтық емес алқаптар үстем болғанда – боялмаған фонда осы алқаптардың немесе басқа жерлердің топографиялық белгілері қойылады және контурларда азықтық алқаптар болған жағдайда (10-15%-дан – 45%-ға дейін) контурдың типологиялық құрамы формула түрінде қосымша көрсетіледі.

Дәрілік өсімдіктер формуланың қасына бір белгімен көрсетіледі.

82. Геоботаникалық карталарда осы Әдістемеге 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мөртабан, жерлердің экспликациясы, осы Әдістемеге 22-қосымшаға сәйкес геоботаникалық картада және мамандандырылған картограммаларда пайдаланылатын шартты белгілер және осы Әдістемеге 23-қосымшаға сәйкес дәрілік өсімдіктердің шартты белгілері орналастырылады.

7-параграф. Мамандандырылған картограммалар жасау

83. Мамандандырылған картограммалар геоботаникалық картаның негізінде жасалады.

84. Табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйі картограммасында осы Әдістемеге 24-қосымшаға сәйкес жайылымдар мен

шабындықтардың шөптерін пайдаланудың ұсынылатын маусымдылығы түспен және осы Әдістемеге 25-қосымшада көрсетілген табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің картограммасына шартты белгілерге сәйкес табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйі көрсеткіштерінің айқындылық дәрежесі қара және қызыл түсті шартты белгілермен көрсетіледі.

Табиғи азықтық алқаптардың әр контурында контурлар ведомосіне сәйкес контурдың алаңы және азықтық алқаптың азық қоры (алымында), контурдың нөмірі (бөлімінде) көрсетіледі. Басқа алқаптар мен жерлердің контурлары геоботаникалық картада осыған ұқсас белгіленеді. Бұндай контурларда азықтық алқаптар 10-45% болған жағдайда, жасыл түспен олардың ішінара қатысуының белгісі қойылады.

Табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің картограммасында сондай-ақ мөртаңба, шектесулер сипаттамасы, ескертпе, очерк болмаған кезде – осы Әдістемеге 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдар мен шабындықтардың азықтық қорының жиынтық ведомостері және осы Әдістемеге 22-қосымшаға сәйкес геоботаникалық картада және мамандандырылған картограммаларда пайдаланылатын шартты белгілер орналастырылады.

85. Табиғи азықтық алқаптарды ұтымды пайдалану жөніндегі ұсынымдар картограммасында осы Әдістемеге 24-қосымшаға сәйкес жайылымдар мен шабындықтардың қалың шөбін пайдалану ұсынылатын маусым түспен, осы Әдістемеге 13-қосымшаға сәйкес табиғи азықтық алқаптарды жақсарту, пайдалану және қорғау жөніндегі ұсынымдар шартты белгілермен көрсетіледі.

Табиғи азықтық алқаптардың әр контурына контурлар ведомосіне сәйкес контурдың алаңы (бөлшектің алымына) және оның нөмірі (бөлшектің бөліміне) қойылады.

Табиғи азықтық алқаптарды ұтымды пайдалану жөніндегі ұсынымдар жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерінің меншік иелерімен және жер пайдаланушылармен бірлесіп, табиғи азықтық алқаптарды жақсарту және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеуі үшін жергілікті атқарушы органдарға жіберіледі.

86. Дәрілік өсімдіктердің картограммасы осы аумақтағы табиғи азықтық алқаптарды қорғау мен пайдаланудың ерекше режимін ұйымдастыру үшін дәрілік өсімдіктердің көп орналасқан жерін анықтау мақсатында тапсырыс болған жағдайда жасалады.

Геоботаникалық іздестіру материалдары талданады, дәрілік өсімдіктері бар контурлар таңдап алынады, олардың түрлері мен тұқымдастары бойынша тізімдері жасалады.

Геоботаникалық материалдар негізінде зерттелетін аумақтағы дәрілік өсімдіктердің фармакологиялық-терапевтік әсері ескерілген және олар таралған алаңдар көрсетілген

кесте әзірленеді. Аумақта дәрілік өсімдіктер көп мөлшерде болған кезде, дәрілік өсімдіктің әр түрі үшін жеке картограмма жасалады.

Бояу шкаласы, кесте нысаны әзірленеді, аумақта дәрілік өсімдіктердің бар-жоғына байланысты шартты белгілері таңдап алынады, картограмманың авторлық данасы жасалады.

87. Қажет болған жағдайда табиғи азықтық алқаптардың тапталу, арамшөп басу, бұталану, суландырылу картограммалары жасалынады. Картограммалар жинағы жер пайдалану, жерлерді шаруашылыққа пайдалану орналасқан аймаққа және арнайы өндірістік сұранымдарға байланысты болады.

8-параграф. Жайылымдар мен шабындықтардың азықтық қоры және дақылдық-техникалық жай-күйінің жиынтық ведомостерін жасау

88. Контурлар ведомосін, геоботаникалық картаны, табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің картограммасын ресімдеу жөніндегі жұмыстар аяқталғаннан кейін осы Әдістемеге 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жерлердің экспликациясы, осы Әдістемеге 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдар мен шабындықтардың азықтық қорының жиынтық ведомостері (бұдан әрі – ведомость) , осы Әдістемеге 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдардың дақылдық-техникалық жай-күйінің сипаттамасы және осы Әдістемеге 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шабындықтардың дақылдық-техникалық жай-күйінің сипаттамасы және осы Әдістемеге 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жақсарту бойынша ұсынылатын іс-шаралар ведомосі жасалады.

89. Жиынтық ведомості жасау үшін контурлар ведомосінен контурдың азықтық алқаптарының алаңдары мен азықтық қоры таңдалады, жайылымдар үшін – пайдаланудың ұсынылатын маусымдылығы ескеріле отырып таңдалады. Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптарын жіктеу жөніндегі шифр осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес контурда үлкен аумақты алып жатқан бір шифрдың басым типі немесе типтердің тобы бойынша айқындалады.

90. Контурлар ведомосінен табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің түрлері бойынша алаңдарды таңдап алу жүргізіледі. Типте (кіші типте, тип айырмасында, түрленуде) дақылдық-техникалық жай-күйі әртүрлі болғанда тек біреуі ғана – басым түрі алынады және оның алаңы жинақ ведомосінің тиісті бағанына жазылады. Жайылымдардың дақылдық-техникалық жай-күйінің басым белгілері мынадай кезектілікпен айқындалады: арамшөп басқан, тапталған, қылқан селеу басқан, орманданған, бұталанған, төмпешіктенген, тас басқан.

91. Жақсарту бойынша ұсынылатын іс-шаралар ведомосі геоботаникалық іздестіру нәтижесінде анықталған табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйі ескеріле отырып дайындалады.

Контурлар ведомосі негізінде ұсынылатын іс-шаралардың түрлері бойынша алаңдарды іріктеу жүргізіледі. Жаксарту бойынша ұсынымдар кешен компоненттерін (бар болса) қоса алғанда, бүкіл контур үшін беріледі.

92. Геоботаникалық іздестірулер мәліметтері (деректері) бойынша алқаптар түрлері бойынша жерлердің экспликациясы жасалады. Алқаптар түрлері бойынша алаңдар контурлар ведомосінен тандалады. Жайылымдар үшін пайдалану маусымы жалпы контур бойынша анықталады.

Контурда көктем-жаз-күз маусымдарында пайдаланылатын жайылымдардың кемінде 30%-ы болғанда барлық контур үшін көп маусымдық ұсыныс беріледі.

93. Барлық жиынтық ведомостер очеркке қоса беріледі, ол болмаған кезде табиғи азықтық алқаптардың дақылдық-техникалық жай-күйінің картограммасына орналастырылады. Жерлердің экспликациясы геоботаникалық картаға орналастырылады және очеркке қоса беріледі.

9-параграф. Очерктің жасалынуы

94. Очерк геоботаникалық іздестірулердің мәліметтері (деректері), қор және әдеби көздер негізінде жасалады.

95. Очерк құрылымы мынадай бөлімдерден тұрады:

- 1) кіріспе;
- 2) жалпы мәліметтер;
- 3) табиғи жағдайлар;
- 4) табиғи азықтық алқаптар;
- 5) табиғи азықтық алқаптар түрлерінің топтарын сипаттау;
- 6) қорытынды;

7) негізгі азықтық, желінбейтін, улы және дәрілік өсімдіктердің қысқаша сипаттамасы;

8) осы Әдістемеге 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдар мен шабындықтардың азықтық қорының жиынтық ведомосі;

9) осы Әдістемеге 27-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жайылымдардың дақылдық-техникалық жай-күйінің сипаттамасы;

10) осы Әдістемеге 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша шабындықтардың дақылдық-техникалық жай-күйінің сипаттамасы;

11) пайдаланылған әдебиеттердің тізімі.

96. "Кіріспе" бөлімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) геоботаникалық іздестірулерді орындаған ұйымның атауы, орындаушылар, геоботаникалық іздестірулерді жүргізу мерзімдері, геоботаникалық іздестірулердің масштабы мен алаңы;

2) тапсырыс беруші;

3) геоботаникалық іздестірулер жүргізу үшін негіздер;

- 4) геоботаникалық іздестірулер мақсаты;
- 5) пайдаланылған жоспарлық негіз (түсірілген және дайындалған жылы, масштабы);
- 6) алдыңғы геоботаникалық іздестірулер туралы мәліметтер;

7) геоботаникалық іздестірулердің нәтижелері бойынша жасалған материалдар тізбесі.

97. "Жалпы мәліметтер" бөлімі соңғы есепті күнге Қазақстан Республикасының жер балансының және геоботаникалық іздестірулердің деректері бойынша ауыл шаруашылығы алқаптарының құрылымы туралы мәліметтерді қамтиды.

98. "Табиғи жағдайлар" бөлімі мынадай бөлімшелерден тұрады:

- 1) жер бетінің құрылысы.
- 2) гидрография және сулану;
- 3) климат;
- 4) топырақ.

"Жер бетінің құрылысы" бөлімшесінде бүкіл зерттеп-қаралған аумақтың жері бетінің құрылымы, сондай-ақ жер бедерінің бар нысандары сипатталады.

"Гидрография және сулану" бөлімшесінде су көздері: өзендер, көлдер, тоғандар, құдықтар, ұңғымалар көрсетіледі, адам мен жануарларды сумен жабдықтау мақсатына жарамдылығы бойынша қысқаша сипаттамасы көрсетіледі, сондай-ақ жайылымдардың сулануы бағаланады.

"Климат" бөлімшесінде климаттың қысқаша сипаттамасы (орташа айлық және орташа жылдық температура мен жауын-шашын, вегетациялық және жайылымдық кезеңдердің ұзақтығы) келтіріледі.

"Топырақ" бөлімшесінде топырақтың бедер элементтеріне ыңғайластырылуы, сондай-ақ неғұрлым кең таралған топырақтың қысқаша сипаттамасы (қарашірік қабатының қалыңдығы, қарашіріктің мөлшері, механикалық құрамы) келтіріледі.

99. "Табиғи азықтық алқаптар" бөлімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

- 1) табиғи аймақ (ендік аймақтылық, тік белдеулік);
- 2) өсімдіктердің жер бедері мен топыраққа ыңғайластырылуы;
- 3) жайылымдар мен шабындықтардың өсімдік жамылғысына экологиялық және антропогендік факторлардың әсері;
- 4) табиғи азықтық алқаптардың типтік құрамы және оның жіктелуі.

100. "Табиғи азықтық алқаптар типтері топтарының сипаттамасы" бөлімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) азықтық алқаптардың түрлері (жайылымдар мен шабындықтар) бойынша, оның ішінде екінші реттік өсімдіктері (антропогендік түрлер мен түрленулер) бар алаң;

2) топ құрамына кіретін типтердің атауы, оларды орналастыру ерекшеліктері, топыраққа, жер бедеріне ыңғайластырылуы;

3) доминанттар, субдоминанттар және олармен бірге өсетін (кездесетін) өсімдіктердің түрлері;

4) проекциялық жабынның орташа көрсеткіштері, шөптің биіктігі, құрғақ салмақтағы және азықтық бірліктердегі қабаттылық және түсімділік (жалпы және желінетін өсімдіктердің);

5) орташаландырылған кебу коэффициенті, осы Әдістемеге 19-қосымшаға сәйкес Жайылымдардың өнімділігі бойынша сапасын, жайылымдар мен шабындықтардың құнарлылығы бойынша азық сапасын бағалау өлшемшарттары бойынша жайылымдардың өнімділігі бойынша сапасы және азықтың құнарлылығы бойынша сапасы;

6) жүктеме дәрежесі, заманауи пайдалану, дақылдық-техникалық жай-күйі, шөп шабуға жарамдылығы, жайылымдарды пайдаланудың ұсынылатын маусымдылығы, мал түрі;

7) түрленулер мен антропогендік түрлердің пайда болу себептері, олардың таралу ерекшеліктері, экономикалық пайдалану тұрғысынан түрлер құрамының сипаттамасы, түсімділігі;

8) табиғи азықтық алқаптарды пайдалану және жақсарту бойынша ұсынымдар.

Түпкілікті жақсарту жеке топта сипатталады, онда жақсартылған жайылымдардың жалпы алаңы, ауылдық округ аумағында орналастырылуы, пайдалану сипаттамасы, топыраққа ыңғайластырылуы, шалғындандыру мезгілі (уақыты), егілетін дақыл, егістік жағдайы, түсімділігі көрсетіледі.

101. "Қорытындылар" бөлімі мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) геоботаникалық іздестірулер жүргізу кезінде жиналған материалдың саны (өсімдіктердің, бөлінген контурлардың және салынған станциялардың сипаттамасы);

2) шабындықтар мен жайылымдарды пайдалану ерекшеліктері, олардың дақылдық-техникалық жай-күйі бойынша жайылымдардың пайыздық арақатынасы, сондай-ақ ландшафтық бөлімшелер (таулар, тау бөктеріндегі жазықтар, ұсақ шоқылар, жазықтар) бөлінісінде олардың дақылдық-техникалық жай-күйі;

3) пайдалану маусымдары бойынша жайылымдардың пайыздық арақатынасы, олардың аумақтық орналасуы, типологиялық құрамы;

4) қолда бар малдың азықпен қамтамасыз етілуі;

5) геоботаникалық іздестірулер деректері бойынша азықтық және басқа да алқаптардың алаңдары туралы мәліметтер.

"Қорытынды" бөлімінде шабындықтар мен жайылымдарды ұтымды пайдалану және жақсарту жөніндегі іс-шаралар сипатталады. Үстіртін (жайылма суару, тыңайтқыш енгізу, жер бетін тегістеу, бұталарды тамырымен жұлып тастау) және түбегейлі жақсарту бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы деректер болған кезде, зерттеп-қаралған аумақта жүргізілген жұмыстардың түрлері мен олардың алаңдары көрсетіле отырып мәліметтер келтіріледі.

Әр түрлі жылдардағы геоботаникалық іздестірулердің материалдары бойынша өсімдіктердің өзгеруіне салыстырмалы талдау жасалады.

Табиғатты қорғау, өсімдіктердің сирек кездесетін, жойылып бара жатқан және реликті түрлерін, жекелеген өсімдік қауымдастықтарын қорғау бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленеді.

102. "Негізгі азықтық, желінбейтін, улы және дәрілік өсімдіктердің қысқаша сипаттамасы" деген бөлімде негізгі азықтық, желінбейтін, улы және дәрілік өсімдіктердің сипаттамасы, морфологиялық сипаттама, желінуі (маусым, мал түрі) туралы мәліметтер, химиялық құрамы мен қоректілігі келтіріледі.

Қазақстан Республикасы
табиғи жем-шөп алқаптарының
ірі масштабты
(1:1 000 – 1:100 000)
геоботаникалық іздестірулерін
жүргізу жөніндегі әдістемеге
1-қосымша

Зерттелетін аумақ үшін геоботаникалық сипаттамалардың саны*

Алаңы, мың га	Күрделілік санаттары				
	бірінші санат	екінші санат	үшінші санат	төртінші санат	бесінші санат
	Геоботаникалық сипаттамалар нүктелерінің саны				
1	2	3	4	5	6
Масштаб 1:1 000					
0,1	136	163	204	245	300
0,5	108	129	162	195	237
1,0	90	108	135	162	198
Масштаб 1:5 000					
0,5	36	43	54	65	79
1	30	36	45	54	66
3	24	30	36	42	54
5	18	21	27	33	39
Масштаб 1:10 000					
1	10	12	15	18	22
3	8	10	12	14	18
5	6	7	9	11	13
10	4	5	7	8	10
Масштаб 1:25 000					
5	4,2	5,0	5,8	6,7	7,5
10	3,8	4,6	5,3	6,2	6,9
20	3,6	4,2	5,0	5,5	6,3
30	3,4	3,9	4,7	5,3	6,1
50	3,3	3,8	4,5	5,2	5,9
70	3,3	3,7	4,3	5,1	5,7
100	3,1	3,6	4,1	4,8	5,4

150	2,6	3,1	3,6	4,1	4,6
Масштаб 1:50 000					
5	1,4	1,6	1,8	2,1	2,3
10	1,3	1,5	1,7	1,9	2,2
30	1,3	1,4	1,7	1,8	2,0
50	1,2	1,4	1,6	1,8	2,0
100	1,1	1,2	1,5	1,7	1,9
150	1,1	1,2	1,4	1,6	1,8
200	1,0	1,1	1,3	1,5	1,7
300	1,0	1,1	1,2	1,4	1,6
400	0,9	1,0	1,2	1,3	1,5
600	0,7	0,9	1,0	1,1	1,3
800	0,6	0,7	0,8	0,9	1,0
Масштаб 1:100 000					
100	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
200	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
400	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
700	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
1000	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
1300	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
1600	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7
2000	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7

*Ескерту. Геоботаникалық сипаттаулар санын өзгертуге жол беріледі. Бұл ретте, геоботаникалық іздестірулер кезінде айқындалған типтер, кіші типтер, тип айырмасы, түрленулер түсімділік бойынша сенімді деректер алу үшін кемінде бес рет сипатталуы керек.

Қазақстан Республикасы
табиғи жем-шөп алқаптарының
ірі масштабы
(1:1 000 – 1:100 000)
геоботаникалық іздестірулерін
жүргізу жөніндегі әдістемеге
2-қосымша

Қазақстан Республикасы табиғи азықтық алқаптарының сыныптамасы

Қазақстан Республикасы табиғи азықтық алқаптарының сыныптамасы шабындықтар мен жайылымдарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, оларды жақсарту, пайдалану және қорғау жөніндегі іс-шараларды жоспарлау, жерге орналастыруды, жерлерді мемлекеттік есепке алуды, жер кадастрын жүргізу мақсатында аудандар, облыстар және республика бойынша геоботаникалық іздестіру материалдарын жинақтап қорыту үшін қажет.

Қазақстан Республикасы табиғи азықтық алқаптарының сыныптамасын құру негізіне фитотопэкологиялық кешен көрсеткіштері – климат, бедер, жергілікті жердің гидрологиялық жағдайы, топырағы, өсімдіктер құрамы алынған.

Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптарының сыныптамасы мынадай ландшафттық бөлімшелерден тұрады: жазықтар, ұсақ шоқылар, тау бөктеріндегі жазықтар және таулар, олардың өсімдіктер және топырақ жамылғысы ендік-аймақтық және биіктік-белдеулік заңдылықтарға бағынады.

Табиғи азықтық алқаптардың сыныптары және кіші сыныптары өсімдіктердің түрлік құрамын, құрылымын және даму динамикасын айқындайтын топырақтың ылғалдылығы, механикалық құрамы және сортаңдану сипатын ескере отырып белгіленеді.

Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптары сыныптамасының ландшафттық бөлімшелерін белгілеу үшін әріптік индекстер қабылданды, сыныптар реттік нөмірлермен; кіші сыныптар – алфавиттің кіші әріптерімен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының табиғи азықтық алқаптары сыныптамасына қабылданған индекстерді өзгертуге жол берілмейді. Кіші сыныптар атаулары әр нақты жағдайда нақтыланады.

Сыныптар мен кіші сыныптар индексі	Кіші сыныптар атаулары және өсімдіктердің сипатты түрлері	Бедер және таралуы	Ылғалдануы	Топырақтың атауы
1	2	3	4	5
Жазықтар				
С	Орманды-далалы және далалы аймақтар			
С-1	Сұр орманды топырақтағы және орманды-далалық қаратопырақтағы жазықтықтық шалғынды-далалық жайылымдар мен шабындықтар			
С-1а	Дәнді-алуаншөпті, жекелеген жағдайларда бұталанған (жатаған бидайық; қылтанақсыз арпабас; құрғақ, таспа айрауық; жіңішке қоңырбас, қызғылт қау, қылқан селеу; кәдімгі бетеге, қоңырбас шисабак, румын жоңышқасы, т ы ш қ а н сиыржоңышқа; ақ, қызылбас беде; күміс қазтабан; салалы шебершөп, кәдімгі сарыраушан,	Жайпақ жазықтар (Солтүстік Қазақстан облысының солтүстік шеті)	Атмосфералық, орташа, құрғақшылық жылдары жеткіліксіз, біршама жеткіліксіз	Ашық-сұр, сұр және кара-сұр орман, сілтісізденген сазды және саздақты қаратопырақ, жекелеген жағдайларда

	жасыл бүлдірген, қой бүлдірген, сыралжын, жырық жусандар; тікенді раушан, татар үшкаты, шайқурай тобылғы, крената тобылғы; қотыр, үлпек қайыңдар; көктерек, қызылтал)			құмайтты топырақтар
C-16	Шымдыдәнді-алуан шөпті жусанмен (кылқан селеу, Лессинг қауы, кәдімгі бетеге, қылтанақсыз арпабас, тарақ бидайық, нағыз қызылбояу, алтыкүлте үркергүл, Маршалл жебірі, шөлдік шалфей, румын жоңышқасы, қымбат мыңжапырақ; австрия, мұз жусандары)	Барлық аймақ бойынша сайлардың тік беткейі (тек Солтүстік Қазақстан облысында)	Атмосфералық жеткіліксізден қалыптыға дейін беткейлер бойынша өзгеретін	Сілтісізденген шайылған қара сазды және саздақты, жекелеген жағдайларда құмайтты топырақтар
C-2	Далалық аймақтағы қаратопырақтағы және қоңыр топырақтағы жазықтық дала және құрғақ дала жайылымдары			
C-2a	Шымдыдәнді-алуан шөпті жекелеген жағдайларда бұталанған (қызғылт қау, қылқан селеу, Коржинский қауы; жатаған, тарақ бидайық; кәдімгі, жалған бетеге; дала атқонағы; қоңырбас шисабак; Шелл, шөл сұлыбасы; орыс, нағыз қызылбояу; күміс қазтабан; ұзынжапырақ, масақты бөденешөп; еділ таспасы, укекіре, дала жоңышқасы, сарыбас жоңышқа, ақбас мыңжапырақ, қызылтаспа таран,	Жайпак, кей жерде кедір бұдыр жазықтар, шоқылардың беткейі мен төбесі	Атмосфералық, жеткіліксіз	Кәдімгі және оңтүстік қара, қара-қоңыр және қоңыр қарапайым және карбонатты сазды және

	кәдімгі түймешетен; сәлбен, Маршалл жебірі; түйнекті әрем, Яков зиягүлі, Морисон, Любименко сасыршөбі; көктем жанаргүлі, алтыкүлте үркергүл, Дон эспарцеті, доңызөлең, аласалау қиякөлең, Лерхов, жібек жусан, шайқурай тобылғы)			саздақты топырақтар
C-26	Шымдыдәнді-алуан шөпті-жусанды жекелеген жағдайларда бұталанған (қылқан селеу, Коржинский, Лессинг қаулары; кәдімгі, жалған бетеге; қоңырбас шисабак; Шелл, шөл сұлыбасы; Морисон сасыршөбі , жабайы айлауық, нағыз қызылбоая, тікенді таумасак, қымбат мыңжапырақ, мыңжапыракты түймешетен, шөлдік шалфей; Лерхов, австрия, майқара, мұз, жіңішке жусандар; шайқурай тобылғы)	Сайлардың тік беткейі, терраса, шоқылар, тегіс биік жазықтар	Атмосфералық, жеткіліксіз, беткелер бойынша өзгеретін	Кәдімгі және оңтүстік кара, кара-қоңыр және қоңыр кара шайылған, кейде жартылай дамыған және аз дамыған сазды және саздақты топырақтар
C-2в	Шымдыдәнді, шымдыдәнді-алуан шөпті, жекелеген жағдайларда жусанданған және бұталармен (қылқан селеу, Коржинский, Иоанн қаулары, кәдімгі бетеге, қоңырбас шисабак, елекшөп қияқ, құрғақ айрауық, Дон эспарцеті, дала жоңышқасы, сарыбас жоңышқа, Исет қоңыроты,	Әлсіз кедір-бұдырлы жазықтар, тегістеу беткейлі шалғынның алдындағы өзендердің террасасы	Атмосфералық, жеткіліксіз	Кәдімгі және оңтүстік кара, кара-қоңыр және

	Лерхов, Маршалл, австрия жусандары, бүргүн, шайқурай тобылғы)			қоңыр құмайт топырақтар
С-2г	Шымдыдәнді-жусанды-алуаншөпті және жусанды (кылқан селеу, Лессинг қауы, кәдімгі бетеге, елекшөп қияқ, Лерхов, австрия жусандары, тұмар жусан, томарбояу, түкті кекіре, масақты бөденешөп, нүктелі далазығыр, Бессер сәбізшөбі, мыңжапырақты түймешетен, жатаған изен)	Су бөлетін жазықтар, аздаған ж а й р а қ ойпаңдармен	Атмосфералық, айнымалы жаңбырдан кейін тұрып қалған және кеуіп қалатын сулар	Кәдімгі және оңтүстік кебірленген қара және тұзданған сазды және саздақты топырақтар, қара кебір топырақтар
С-2д	Шымдыдәнді-жусанды алуаншөптермен, жусанды-соранды, жекелеген жағдайларда бұталанған (кылқан селеу, Лессинг қауы, тарақ бидайық, кәдімгі, жалған бетеге, елекшөп қияқ, Лерхов, австрия, майқара, Шренк, тұмар, кебір жусандар, татар, собалақ төскейлер, жатаған изен, марсель қараматауы, шайқурай тобылғы, бұта қараған)	Су бөлетін жазықтар	Атмосфералық, айнымалы жаңбырдан кейін тұрып қалған және кеуіп қалатын сулар	Қара-қоңыр және қоңыр кебірленген және тұзданған сазды және саздақты топырақтар, қоңыр кебір топырақтар
С-3	Орманды-далалы және дала белдеуінің құмдақ топырақты жазықтық дала жайылымдары			
	Шымдыдәнді, шымдыдәнді-алуан шөпті, жекелеген жағдайларда жусанданған (Иоанн қауы, кылқан селеу, тарақ бидайық, қоңырбас шисабак, кәдімгі, Беккер бетеге, құрғақ айрауық, ұсақгүлді	Көбінесе әлсіз кедір бұдырлы жазықтар		Кәдімгі және оңтүстік қара, сұрғылт орман,

C-3a	мыңжапырақ, құм салаубас, кәдімгі сиякөк, Сегиеров сүттігені, Исет қоңыроты, сібір гүлкекіресі, колхида, бұта қиякөлеңі, Маршалл, шыралжын, Лерхов, австрия жусандары, қызылтал, сарытал)	мен өзендердің террасасы	Атмосфералық, жеткіліксіз	кара-қоңыр және қоңыр құмдақ топырақтар, жазық құмдар
C-36	Шымдыдөңді және қияқты алуаншөптермен, көбінесе жусанданған (Иоанн қауы, қылқан селеу, кәдімгі, Беккер бетегелері; құмеркек, тарак бидайық, айғыр қияқ, ақ селеу, құм салаубас, Сегиеров сүттігені, сібір гүлкекіресі, ұсақгүлді мыңжапырақ; колхида, бұта қиякөлеңі; Маршалл, шыралжын, Лерхов, австрия жусандары)	Төбешікті құмдар, жоталы құмдар	Атмосфералық, жеткіліксіз	Бекітілген және жартылай бекітілген құмдар,
C-4	Орманды-далалы және дала белдеулерінің ойпаңды, ойпатты, көлтабанды жайылымдар мен шабындықтар			
	Дөңді-алуаншөпті, жекелеген жағдайларда бұталанған (жатаған бидайық, қызғылт қау, қылқан селеу; Шелл сұлыбасы; жіңішке, шалғын қоңырбас; қызылот арпабас; құрғақ айрауық; күміс, солғын қазтабандар; қысыңқы қиякөлең, дала жоңышқасы, сарыбас жоңышқа, укекіре, шайшөп шайқурай, ұзынжапырақ, жалған			Шалғындау-кара, шалғындау қоңыр,

C-4a	бөденешөптер, түйнекті әрем, британ аңдызы, тышқан сиыржоңышқа, түйнек, шалғын атбұршақ, қызылтаспа таран, Морисон, Любименко сасыршөбі, сары қоңырот, нағыз, орыс, суық қызылбояулар, бесжапырақ беде, дәрі шелна, алтыкүлте үркергүл; жібек, шыралжынтүсті, жалпақ-жапырақты, жырық, жусандар; шайқурай тобылғы, дала шиесі)	Таяз сулы ойлар, ірі ойлар мен көлтабандардың шеттері	Атмосфералы ағынды, айнымалы	шалғынды кара, шалғынды қоңыр қарапайым және карбонатты механикалық құрамы әр түрлі топырақтар
C-4б	Дәнді-алуаншөпті және дәнді-қиякөленді, жекелеген жағдайларда бұталанған (қылтанақсыз арпабас, шалғын түлкіқұйрық, ақ, ит суоты, шалғын, жіңішке қоңырбастар, салалы шебершөп, кәдімгі қамыс, шегіршінжапырақ үркергүл, талжапырақты аңдыз, дәрі шелна, кәдімгі мыңжапырақ, нағызкәдімгі қазтабан, кәдімгі сарыраушан, бессер сәбізшөбі, орыс, суық қызылбояулар, ақ, қызыл беде, дәрі шелна, атқұлақ қымыздық, жасыл бүлдірген, қызылтаспа таран; раң, торсылдақ,	Көлтабандар, сулы көлемі орташа ойлар, мен өзендердің ескі террасалары	Бірқалыпты немесе аздап көбірек, 2-4 аптаға ағынды сулар толады	Шалғын кара және шалғын қоңыр қарапайым және карбонатты механикалық

	қарамасак қиякөлеңдер; шыралжынтүсті, кебір, бұта жырық, жусандар; шайқурай тобылғы, дала шиесі , ақ шеңгел, шілік тал, орыс, қаракөк, ешкі талдар)			құрамы әр түрлі топырақтар
С-4в	Д ә н д і , дәнді-жусанды, жусанды, сораңды (жатаған, бұтақты, тарақ бидайықтар, Богдан арпасы, ақ ший, тұщы қияқ, елекшөп қияқ, бытыраңқы ақмамық, құрғақ айрауық, кәдімгі бетеге, түйеқарын ажырық; кебір, етті, майқара, тұмар, бұта жусандар; миятамыр, қызыл мия, бүлдірген беде, томарбояу, теңіз маңы бақажапырағы , нүктелі далазығыр, Жерар елекшөбі, Карелин, топ қиякөлеңдері, алабұта, қаңбақ, қарсыжапырақ сораңшалар, марсель қараматауы)	Сулы ойпаңдар, көлтабандар, тұзды көлдердің шеттері	Көбірек ағынды сулар, жиі көктемгі сулармен толады, кейін кеуіп қалады	Шалғындау- және шалғынды қара, шалғындау және шалғынды қоңыр, шалғын қара, шалғын қоңыр тұзданған немесе кебірленген механикалық құрамы әр түрлі, шалғынды қара кебір, шалғынды қоңыр кебір, шалғын қара кебір және шалғын қоңыр кебір топырақтар
С-4г	Д ә н д і , жусанды-дәнді және сораңды-дәнді (бытыраңқы ақмамық, түйеқарын ажырық, сирек Богдан арпасы, кәдімгі қамыс, кебір, Шренк, тұмар жусандар, теңіз маңы бақажапырағы , жалманқұлақ көкпек, марсель, Лессинг қараматауы	Сулы ойпаңдар, тұзды көлдердің шеттері		Шалғын сортаңдар

	, қарсыжапырақ, сібір сораңшалары, бозкілем бозизен)		Көбірек, ағынды жіне тұзды жер асты суларымен	
С-4д	Жусанды, жусанды-сораңды, еттісораңды, біржылдықсораңды (кебір, Шренк, тұмар жусандар, жалманқұлақ көкпек, марсель, Лессинг қараматауы, үрмежеміс, үшкіп ақсоралар, бүрлі сарсазан, қарсыжапырақ, сібір сораңшалары, қызыл бұзаубассораң, бұташық кермек)	Сулы ойпаңдар, тұзды көлдердің шеттері	Көбірек, ағынды жіне тұзды жер асты суларымен	Шалғын және нағыз сортаңдар
С-5	Орманды-далалы және дала белдеуінің жайылмалы шалғын топырақтардағы шалғын жайылымдар мен шабындықтар			
С-5а	Дәнді-алуаншөпті, жекелеген жағдайларда бұталанған құрғақ шалғындар (кылтанақсыз арпабас, жатаған бидайық, шалғын қоңырбас, тұщы қияқ, кәдімгі бетеге, қызғылт, Коржинский қаулары, қоңырбас шисабак, қысыңқы, көркем қиякөлеңдер, нағыз, орыс, суық қызылбояулар, ақ және қызыл беде, тікенмүйіз пышан, дала және сарыбас жоңышқа, еділ, дат таспасы, шалғын қазтамақ, Яков зиягүлі, күміс, тізүтік қазтабан, масақты бөденешөп, тұмар, австрия жусандары, шайқурай тобылғы)	Кіші өзендердің жақсы дренаждалған жайылмасы, құрғақ шоқылар, биік жондар, ірі және орташа өзендердің жайылмасының жағалауға жақын және орталық бөліктерінің жазық жерлері	Атмосфералық, екі аптадан кем, сирек 15-30 күн еріген сулармен толығатын	Жайылмалы орманды-шалғын, жайылмалы шымды және шымды-қатпарлы қара, жайылмалы орманды-шалғын, жайылмалы шымды және шымды-қатпарлы қоңыр, жайылмалы шалғын қара, жайылмалы шалғын қоңыр қарапайым және карбонатты, кейде далаланған топырақтар
	Дәнді, дәнді-алуаншөпті,			

С-5б	дәнді-қиякөлеңді ылғылды және сыз шалғындар, жекелеген жағдайларда орманданған (құрғақ, таспа, кіші айрауықтар, жатағанбидайық, ақ суоты, кәдімгі бетеге, шалғын түлкіқұйрық, шалғын қоңырбас, кәдімгі қамыс, шегірінші үркергүл, үкен, орташа бақажапырақ, кәдімгі бақбақ, британ аңдызы, дәрі шелна, шалғын қазтамақ, көркем, жағалық, торсылдақ қиякөлеңдер, Жерар елекшөбі, шалғын қырықбуын, шыралжынтүсті, биік жусандар, шілік, сабау, ақ, ешкі, құбашілік, қоңыр талдар, қотыр, үлпек қайындар, татар үшқаты)	Ө з е н жайылмаларының ойпат жерлері	Атмосфералық, жеткілікті, кейде артық, екі аптадан кем, сирек 15-40 күнеріген сулармен толығатын	Жайылмалы орманды-шалғын, жайылмалы шымды ж ә н е шымды-қатпарлы қара, жайылмалы орманды-шалғын, жайылмалы шымды ж ә н е шымды-қатпарлы қоңыр, жайылмалы шалғын қара, жайылмалы шалғын қоңыр қарапайым және карбонатты
С-5в	Д ә н д і , дәнді-алуаншөпті, сирек жағдайларда бұталармен (жатағанбидайық, қылтанақсыз арпабас, бытыраңқы ақмамық, құрғақ айрауық, кәдімгі қамыс, ақ ший, тұщы қияқ, Богдан арпасы, күміс қазтабан, алтыкүлте үркергүл, британ аңдызы, томарбояу, нүктелі далазығыр; бозғылт, карамасак, жағалық, торсылдақ , көркем, ақшыл, Карелин қиякөлеңдері;	Орта және ірі өзендер жайылмаларының биік жерлері	Атмосфералық, көбінесе айнымалы, кебірде көбірек екі аптадан кем еріген сулармен толығатын	Жайылмалы шалғын қара, жайылмалы шалғын қоңыр кебірленген және тұзданған,

	иманжапырақ, теңіз маңы бақажапырақтары, кебір, бұта, Шренк жусандары, шайқурай, тілікжапырақ тобылғы, татар үшкаты)			кейде далаланған топырақтар
С-6	Дала белдеуінің шалғындау-батпақ топырақтағы батпақтық жайылымдар мен шабындықтар			
С-6а	Қаттысабақты дәнді және қиякөлеңді, жекелеген жағдайларда бұталанған (құрғақ айрауық, кәдімгі қамыс, көде селдірек, күреңше субидайық, көркем, жағалық, Омбы, арамқоға, түпті қиякөлендер, батпақ қырықбуын, сүйіндір қырықбуын, айыр, қара өлеңшөп, буылдақ, қараңқой түйнекөлең, Жерар елекшөбі, майқоға, келтешаш, қазақстан келтебастары, ұшталық тал және сарытал)	Көлдің террасалы шұңқырлары, сулы жерлердің ойпаттары, барлық белдеу бойынша көлтабандар мен жайылмалардың батпақтанған бөліктері	Жер асты және ағынды сулар, шамадан көп	Шалғынды-батпақ, сирек батпақты қара, шалғынды-батпағ, сирек батпақты қоңыр, жайылмалы шалғынды-батпақ қара, жайылмалы шалғынды-қоңыр, сирек жайылмалы батпақты қоңыр қарапайым және тұзданған механикалық құрамы әр түрлі топырақтар
Пс	Шөлейтті (шөлді-далалы) белдеу			
Пс-1	Ашық-қоңыр және кебір топырақтарда шөлейтті (шөлді-далалы) жазықтық жайылымдар			
	Д ә н д і алуаншөптермен, жекелеген жағдайларда бұталанған және жусандармен, жусанды, жусанды-эфемерлі, жартылайқұрғақсор аңды, быржылдықсораңды (қылқан селеу, Сарепт, қызғылт, Лессинг қаулары, кәдімгі бетеге, шөл,			Ашық-қоңыр, қарапайым,

